БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 2 (9579) | 1955 жылғы 4 январь Сейсенбі | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тиын.

## ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. ВОРОШИЛОВ жолдастың жаңа жылға арнаған сөзі

Қымбатты жолдастар! Сүйікті Отанымыздың —Советтік Социалистік Республикалар Одағының қымбатты азаматтары!

Сіздерді басталғалы отырған жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Өткен жылдың ішінде совет адамдарының күш-жігері арқасында Отанымыздың бұрынғыдан да бай, бұрынғыдан күшті елге айналғанын біз аса сүйсінген қуаныш сезімімен атап көрсетеміз.

Өткен жыл біздің көп ұлтты Отанымыздың социалистік өнеркәсібі онан әрі өркендеп, ауыл шаруашылығы өрге басып, ғылымы мен мәдениеті көркейген жыл болды.

Бұл табыстар —қаһарман совет халқының — жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның ігілікті еңбегінің нәтижесі. Олар —коммунистік қоғамның қажымас құрылысшылары және адамдардың бейбітшілігі мен бақыты жолындағы даңқты күрескерлер өзінің Коммунистік партиясының басшылығымен жаңа жеңістерге қарай сеніммен алға басып келеді.

Маркстің —Энгельстің —Лениннің —Сталиннің ұлы идеяларымен рухтанған совет халқы басталғалы отырған жылда Отанымызды бұрынғыдан да гөрі қуатты елге айналдыру үшін зор жігермен еңбек ететін болады.

Жаңа, 1955 жылға қадам баса отырып, біз өз табыстарымызды мақтан етумен бірге Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының және барлық бейбітшіл халықтардың қажырлы күш-жігері нәтижесінде өткен жылы халықаралық шиеленістің сәл бәсеңдетілгенін де қанағаттанған сезіммен атап көрсетеміз. Баянды және ұзақ бейбітшілік жолындағы күрес өзінің жемістерін берді.

Бірақ бұл бейбітшілік жауларына ұнамайды.

Кейбір батыс державаларының билеуші топтары, өз халықтарының еркімен санаспай және тарихтың сабақтарын ұмытып, апатты зардаптарға әкеліп соқтыратын агрессияшыл саясатты әлі де жүргізуде.

Бейбітшіл халықтар батыс державаларының Европаның орталығында герман милитаризмін қайта тудыра отырып, жағдайды қиындатып жатқанын және жаңа соғыс хаупін күшейтіп жатқанын көрмей отыра алмайды.

Шетелдердің құрметті азаматтары, еркектері мен әйелдері, жас жігіттері мен қыздары! Өткен жыл бүкіл адамзаттың бақытына бейбітшілік жылы болды.

Барлық елдердің қарапайым, адал ниетті адамдарының соғысты тілемейтініне, олардың бейбітшілікте және туысқандық ынтымақта өмір сүргісі келетіндігіне мен күмәнданбаймын.

Егер халықтар бейбітшілік ісін өз қолдарына алып, оны ақырына дейін қорғайтын болса, онда бейбітшілік жаулары өз жоспарларын жүзеге асыра алмайды.

Совет халқы ұлы қытай халқымен және демократиялық елдердің барлық халықтарымен туысқандық бірлік жасай отырып, басталғалы отырған жа[illegible] жылдың да бүкіл дүние

## ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. МАЛЕНКОВТЫҢ Чарльз Эдвард Шатт мырзаның сұрақтарына берген ЖАУАПТАРЫ

Телевизорлық және кинохроникалық «Теленьюс» компаниясының Вашингтон бюросының меңгерушісі Чарльз Эдвард Шатт мырза Г. М. Маленковқа хат жазып, кейбір сұрақтарға жауап беруін өтінді.

Төменде Чарльз Эдвард Шатт мырзаның сұрақтары және Г. М. Маленковтың жауаптары келтіріліп отыр.

**Сұрақ.** Біздің екі еліміздің арасында бейбітшілікті қайткен күнде жақсы ақ қолдауға болады?

**Жауап.** ССРО мен АҚШ арасында бейбітшілікті қолдау ең алдымен екі жақтың бейбітшілікті шын ниетімен тілеп, соған ұмтылуын, олардың өз қатынастарында бір-бірімен бейбітшілікте қатар өмір сүруі мүмкін және қажет екендігіне сүйенетін болуын және өзара заңды мүделерін еске алуын талап етеді.

Совет Одағына келетін болсақ, ол, жоғарыда көрсетілген қағидаларды басшылыққа ала отырып, ССРО мен АҚШ арасында берік және баянды бейбіт қатынастарды қамтамасыз ету, болып отырған алауыздықтарды реттеу үшін бұдан былай да өзінің қолынан келгеннің бәрін істеуге әзір отыр, сонымен бірге ол Америка Құрама Штаттары тарапынан да осындай әзірлік көрсетіледі дегенді еске алып отыр.

**Сұрақ.** Сіздің пікіріңізше, Совет Одағы мен Құрама Штаттар арасындағы шиеленістің ең басты себебі қандай?

**Жауап.** ССРО мен АҚШ арасындағы қатынастарда болып отырған шиеленістің ең басты себебі белгілі американ топтарының кезшіл батысгерманиялық армияны қайта құруға бағыт ұстап, жанталаса қаруланып, Совет Одағы мен басқа бейбітшіл мемлекеттердің төңірегінде американ соғыс базаларының жүйесін құрып жатқандығы болып табылады, ал мұның өзін тек жаңа соғыс әзірлегендік деп қана қарау керек. Барлық жұртқа мәлім, қазіргі уақытта Лондон мен Париж келісімдерін жасасқан батыс державаларының кінәсінен бейбітшілікке төнген қатер күшейтіліп, соғыс хаупі арта түсуде.

ССРО мен АҚШ арасындағы қатынастарда болып отырған шиеленісті жою, біздің елдеріміздің бейбіт ынтымағын ойдағыдай дамытуға берік негіз қалау үшін, адамзатты сансыз көп апаттарға ұшыратқан герман милитаризмін қайта құру бағытын жою қажет, жанталаса қарулануды тоқтатып, бейбітшіл мемлекеттерді соғыс базаларымен қоршау саясатын құрту қажет.

**Сұрақ.** Сіз Қиыр Шығыста болып отырған алауыздықтарды реттеу жайындағы дипломатиялық келіссөздерді құптықтар ма едіңіз?

**Жауап.** [illegible]

# Құрылысқа индустриялық әдістерді кеңінен енгізу, құрылыстың сапасын жақсарту және өзіндік құнын кеміту туралы

## Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың

### *құрылысшылардың, архитекторлардың және құрылыс материалдары өнеркәсібі, құрылыстық және жол машиналарын жасау өнеркәсібі, жобалау және ғылми-зерттеу ұйымдары қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде 1954 жылы 7 декабрьде сөйлеген сөзі**

Жолдастар!

Бізде құрылысшылардың Бүкілодақтық кеңесі көптен бері болған жоқ және осындай кеңес өткізудің аса қажеттігі туды. Бұл кеңес тек құрылыс үшін ғана емес, сонымен бірге біздің өнеркәсіптегі, сол сияқты халық шаруашылығының басқа салаларындағы барлық жұмысымыз үшін зор пайда келтіреді деп ойлаймын.

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен елімізді индустрияландыруда орасан зор табыстарға жетті. Бұл табыстарды Совет Одағының жұмысшы табы, колхозшы шаруалары мен интеллигенциясы мақтан етеді, бұл табыстарға біздің шетелдердегі достарымыз қуанады.

Совет елін индустрияландыру Ленин мен Сталиннің нұсқауларын партиямыздың мүлтіксіз орындауы нәтижесінде жүзеге асырылды. Бұл біздің басты міндетіміз болды, ол болашақта да басты міндет болып қалады. Біз бұдан былай да ауыр өнеркәсіпті барынша өркендетуге тиістіміз. Ауыр индустрия халық шаруашылығының негізі, социалистік мемлекеттің экономикалық қуатының, оның қорғанымпаздық қабілетінің, қайнар бұлағы, еңбекшілердің ауқатты және мәдениетті тұрмыс құруының қайнар бұлағы болып табылады. Біз ауыр өнеркәсіпті онан әрі өркендеткен жағдайда ғана халық шаруашылығының барлық салаларын ойдағыдай алға бастыра аламыз, халықтың әл-ауқатын үнемі арттырып, Совет Одағының шекараларының мызғымастай беріктігін қамтамасыз ете аламыз. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Бұл негізгісі. Ауыр өнеркәсіпті онан әрі өркендету—металл, көмір, мұнай, электр қуатын, химия заттарын өндіруді арттыру, ауыр машина жасауды, станок жасауды, ұста-пресс жабдықтарын өндіруді өркендету—өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салаларын ойдағыдай өрге бастырудың қуатты іргетасы осылар болып табылады.

Ауыр индустрияны өркендетудегі жетістіктерге сүйене отырып, партия мен үкімет халық тұтынатын товарлар өндіруді ұлғайтуға едәуір көңіл бөліп келеді.

Үстіміздегі жылы партияның Орталық Комитеті Пленумдарының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету туралы қарарларын жүзеге асыру жөнінде зор жұмыстар істелді. Жұртқа мәлім, Коммунистік партия еліміздің барлық аудандарында ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын артыру, тың және тыңайған жерлерді игеру жолымен астық өндірісін арттыруды аса маңызды міндеттердің бірі ретінде қойды. Сіз бұл міндеттің қалай орындалғанын оқыдыңыздар және 1954 жылы астықты, етті, сүтті, овощьтарды өткен жылғыдан едәуір артық дайындағанымызды білесіздер. Шынында да, өте көп арттырылды. Кейбіреулер мынадай сұрақ қойды: үстіміздегі жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың көлемі ұлғайтылғанына қарамастан, магазиндерде қажетті азық-түліктердің әрқашан болып тұрмайтын себебі не? Бұлай болатыны неліктен? Бұлай болатын себебі тұтыну заттарын керексіну орасан зор дәрежеде өсті, бұлай болған себебі халықтың ақшасы көбейді. Товарлардың бағалары миллиардтаған сом кемітілді, жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысы мен колхозшылардың табыстары едәуір артты. **(Қолшапалақтау).**

Міне сондықтан да, біз товарлар өндіруді қанша ұлғайтсақ та, халықтың қажеті әлі де толық қанағаттандырылмай отыр. Елдің әртүрлі аудандарындағы колхозшылармен кездесулерде, әңгімелерде қанттың, аяқкиімдердің, жүн маталардың көбірек сатылуы, әрине, олардың жақсы болуы жөніндегі тілектерді талай рет естуге тура келді. Жоғары сапалы товарларды керексіну көбейді. Бұл—партия мен үкмет жүзеге асырған шаралардың еңбекшілердің сатып алу қабілетінің едәуір өсуі үшін жағдайлар жасағандығының нәтижесі. Біздің міндетіміз—халықтың өскелең талабын неғұрлым толығынан қанағаттандыру. Сондықтан астық, картоп, овощь, ет, маталар және басқа товарлар өндіруді арттыру жолындағы күрес бұдан былай да дәйектілікпен және табандылықпен жүргізілуге тиіс.

Бізде астық өндіруді ұлғайту үшін жақсы негіз жасалды. 1954 жылы 13 миллион гектар тың жерлерді жырту белгіленген еді, ал іс жүзінде 17 миллион 430 мың гектар жер жыртылды. Жаңа жерлерді игерудегі мұндай ірі табыстарға еліміздің колхозшыларының, МТС-тері мен совхоздары қызметкерлерінің, жұмысшы табының қажырлылықпен еңбек етуінің арқасында қол жетті. Бұл міндетті орындаудың қажеттігін бүкіл халық түсінді. **(Қолшапалақтау).**

1955 жылы тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен кемінде қосымша 20 миллион гектар жерге егін егілді деп сеніммен айтуға болады. **(Қолшапалақтау).**

Астық өндіруді арттырып, біз ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі мықтап өрге бастыру үшін жағдайлар жасаймыз. Бұл әсресе мал шаруашылығын өркендету үшін қажет. Бізге негізінен жемдік астық керек, өйткені бізде азыққа арналған астық жеткілікті. Жемдік ас[illegible]нау қажет, сол сияқты бұл кемшіліктерді көре тұра, оған төзетін бұл кемшіліктерді жою үшін күреспейтін адамдарды сынау керек.

Құрылысты онан әрі индустрияландыру құрылыс ісін түбірімен жақсартудың шешуші шарты болып табылады.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі «Құрылыс үшін құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектер өндіруді өркендету туралы» қаулысында темірбетон бұйымдар өндіруді арттырудың кең программасын белгілеп берді. Бұл құрылысты индустриялық әдісімен жүргізуге көшуді қамтамасыз етеді.

Құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектер өндіруді кеңінен өркендету бізге экономикалық орасан зор пайда келтіреді. Тіпті жуырдағы уақытқа дейін бізге құрылыста қандай жолмен—құрастырмалы конструкциялар қолдану жолымен жүру керек пе немесе тұтас бетон қолдану жолымен жүру керек пе екені туралы талас болып келгені құрылысшыларға белгілі. Біз құрылысшыларды тұтас бетонды қолдану жолына түсуге бағыттауға тырысқан қызметкерлердің фамилияларын атамай-ақ қоямыз және оларды кінәламаймыз да. Бұл жолдастар өздерінің теріс позицияда болғанын қазір өздері де сезіп отырған шығар деп ойлаймын. Қазір біздің анағұрлым прогресшіл жолмен, құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектерді қолдану жолымен алға басуға тиісті екеніміз жұрттың бәріне айқын сияқты. **(Қолшапалақтау).**

Құрылыста тұтас бетонды қолданудан туатын кемшіліктер қандай? Ол құрылыс аланының ластануын, опалубкалардың толып жатқан түрлері мен конструкцияларын қолдануды, темірдің ысырап болуын, цементтің быттыратылуын, инертті материалдар мен бетонның шығынын сөзсіз туғызады.

Ал құрастырмалы бөлшектерді қолдану қандай пайда келтіреді? Құрастырмалы темірбетонды қолдану бөлшектерді машина жасауда істелетіндей етіп әзірлеуге мүмкіндік береді, құрылыста заводтық әдістерді қолдануға көшуге жағдай жасайды **(Қолшапалақтау).**

Құрастырмалы құрылыс бізге қаржыны, материалдарды үнемдеу, жұмыс өнімділігін арттыру жағынан, демек құрылысшылардың жалақысын арттыру жағынан зор мүмкіндіктер туғызады. Мысалы, бірқабатты өнеркәсіптік үйлерді салғанда болат конструкцияларының орнына темірбетон конструкциялар қолдануда металдың шығыны кемінде екі есе азайтылады. Ту-

нына сенеді.

Жуырда болған Москва Кеңесінде Европаның бейбітшіл мемлекеттері өздерінің мызғымас бірлігін, топтасқанын және европалық халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің ұлы ісі жолындағы күреске ұмтылған еркін айқын көрсетіп берді. Совет адамдары, шетелдердегі барлық қарапайым адамдар сияқты Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруға шақыратын Москва Кеңесінің Декларациясын құттықтап қарсы алды.

Өзінің ұлы елінің қожасы, бүкіл адамзаттың бейбітшілігі, бостандығы және бақыты жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер —совет халқы творчестволық күштері мен сарқылмас жігері кемеліне келген, өзінің сүйікті Отанының игілігі үшін бұрынғыдан да гөрі ерлікпен еңбек етуге әзір отырған жағдайда жаңа жылға қадам басты!

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкіметінің атынан, қымбатты отандастар, Сіздерді жаңа жылмен қызу құттықтаймын!

Барлық елдердің қарапайым және адал ниетті адамдарын жаңа жылмен құттықтаймын! Жаңа жыл адамзаттың халықтар арасындағы баянды бейбітшілік жолындағы, барлық адамдардың бақыты жолындағы күресінде бұрынғыдан да зор табыстарға жететін жылы болатын болсын!

Басталғалы отырған жаңа жыл құтты болсын!

## КРЕМЛЬДЕГІ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

ССР Одағы Министрлер Советі мен Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті 31 декабрьде Кремльде жаңа жылдық қабылдау жасады. Кремльдің Үлкен Сарайының Георгиев залына ССРО Үкімет мүшелері, СОКП Орталық Комитетінің мүшелері, ССРО және РСФСР Жоғарғы Советтерінің депутаттары, Москваның өнеркәсіп орындары мен құрылыстарының өндіріс озаттары мен басшылары, социалистік ауыл шаруашылығының еңбекшілері, Совет Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, Совет Армиясының, ғылым мен мәдениеттің аса көрнекті өкілдері жиналды.

Қабылдауға қатысушылар ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошилов жолдастың жаңа жылдық сөзін овация жасап қарсы алды.

К. Е. Ворошилов жолдастың ұлы совет халқының, дана Коммунистік партияның құрметіне, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың, олардың мызғымас одағының құрметіне, айбынды совет қарулы күштерінің құрметіне, совет мемлекетінің бейбітшіл саясаты құрметіне айтқан ұрандарын жиналғандар ду қол шапалақтап қарсы алды.

Қабылдауға қатысушылар ұлы қытай халқының құрметіне, халықтық демократия елдерінің еңбекшілері құрметіне айтылған ұрандарды қызу қарсы алды.

Қабылдау партияның, үкіметтің және совет халқының құрыштай берік бірлігінің айқын демонстрациясы болды.

Қабылдау кезінде үлкен концерт болды, оған Москваның, Ленинградтың және Киевтің артистері қатысты.

(СОТА).

## ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНДА

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Министрлер Советінің ұсынуы бойынша жалпыодақтық байланыс Министрлігін ССРО-ның одақтық-республикалық байланыс министрлігі етіп қайта құрды.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы барлық одақтас республикаларда одақтық-республикалық байланыс министрлігін құру, оларға ССРО Министрлер Советі бекіткен тізімдегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді беруді қажет деп тапты.

* * *

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Министрлер Советінің ұсынуы бойынша жалпыодақтық жоғары білім Министрлігін ССРО-ның одақтық-республикалық жоғарғы білім министрлігі етіп қайта құрды және Украин ССР-інде одақтық-республикалық жоғары білім министрлігін құру қажет деп тапты.

(СОТА).

қиыршығыстық мәселелерді реттеу жайындағы келіссөздерді құттықтау керек. Басқа державалармен бірге Қытай Халық Республикасы да қатысқан Женева кеңесінің тәжрибесі мұндай келіссөздердің жемісті нәтижелер беретінін көрсетіп отыр.

**Сұрақ.** Атом қаруына халықаралық бақылау қою туралы мәселе жөніндегі Сіздің көзқарастарыңыз қандай және Сіз барлық мүдделі жақтардың қабылдауына болатындай сәтті жоспар жасауға болады деп санайсыз ба?

**Жауап.** Совет Одағының атом қаруы туралы мәселе жөніндегі позициясы жақсы мәлім. ССРО атом қаруына сөзсіз тыйым салуды, оны мемлекеттердің қару жарағынан толығымен алып тастауды және тиісті келісімнің орындалуына халықаралық қатаң бақылау қоюды жақтап отыр.

Атом қаруына тыйым салуға және атомдық соғыстың күштерін жоюға басқа мемлекеттер де Совет Одағымен бірдей мүдделі болуға тиіс.

**Сұрақ.** Франция, Великобритания, Совет Одағы және Құрама Штаттар үкіметтерінің басшылары арасында кеңес өткізуге жеткізетін дипломатиялық келіссөздерді Сіз құттықтап қарсы алар ма едіңіз?

**Жауап.** Бұл жөнінде еңалдымен мынаны айту керек: төрт державаның үкіметтері басшыларының кеңесі туралы мәселені ойдағыдай шешу мүмкіндігін жою үшін АҚШ, Англия және Франция тарапынан соңғы уақытта барлық әрекеттер жасалуда. Жұртқа мәлім, үш батыс державасы аса маңызды халықаралық мәселелерді және еңалдымен Германияға қатысы бар мәселелерді сепараттық жолмен шешуге тырысуда. Ал мұндай саясатты жүргізе отырып, сонымен бірге төрт державаның кеңесі жайында халықтар арасында елесті үміт тудыруға болмайтыны айқын емес пе екен.

Демек, әңгіме мынада болып отыр: Франция, Великобритания, ССРО және АҚШ үкіметтері басшыларының кеңесін төрт державаның кеңесінде қарауды талап ететін мәселелердің қайсы бір сепараттық дайын шешімдеріне душар етпеу керек.

**Сұрақ.** Сіздің американ халқына айтар нендей бір сәлеміңіз бар ма?

**Жауап.** Американ халқына шын жүректен сәлем жолдап, жаңа жылғы ең жақсы тілектестігімді білдіремін. Америка Құрама Штаттары мен Совет Одағы халықтарының арасында достықты дамытып, нығайта беруге барлық негіздер бар. Халықтар арасында бейбітшілікті нығайтудың ұлы және игілікті ісіне американ халқы өзінің лайықты үлесін қосады деп сенім білдіремін.

Барлық халықтар қазір агрессияшыл топтардың тімісkілеген әрекеттерінің қандайы жөнінде болса да ерекше қырағы болуға тиіс. Қазір бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделері үшін барлық елдердің халықтарының күш-жігерін біріктіруден гөрі анағұрлым маңызды міндет жоқ.

## Колхоздардың автомобиль паркі

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Андреев ауданының «Путь Ленина» және Энгельс атындағы колхоздарының автопаркі жеңіл «Победа» автомашиналарымен толықтырылды. Бұл артельдерде қазір 13 жүк және жеңіл автомобильдер бар. Ворошилов атындағы, «Победа», Буденный атындағы колхоздар «ЗИС—150» маркалы жаңа жүк машиналарын сатып алды.

Талдықорған, Сарқанд, Ақсу аудандарының колхоздарындағы автомобиль паркі мықтап өсті. Қала маңындағы Сталин атындағы колхоз мемлекетке ет сату есебінен 6 автомашина алды. Бұл артельдегі автомобиль паркіндегі машиналар саны екі есе көбейді. Үстіміздегі жылы Жетісудың колхоздары 170 жүк, 26 жеңіл автомобильдер, жүкті өздігінен түсіретін 21 машина сатып алды. Жетісудың барлық колхоздарында өз автопарктері бар.

1954 жыл ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастырудың программасын жүзеге асыру жолындағы күрестің алғашқы жылы болды. Биылғы жылы Украинаның, Поволжьенің бірсыпыра облыстарында және еліміздің оңтүстігіндегі басқа аудандарында ауа райының жағдайлары өте-мөте қолайсыз болғанын сіздер білесіздер. Бұл аудандарда болған құрғақшылықтың салдарынан біз астықты едәуір кем алдық. Бірақ елімізді үстіміздегі жылы Сибирь, әсресе Алтай өлкесі, Қазақстан жақсы қолдады. Алтай өлкесінің және Сибирьдің, Қазақ Республикасының бірсыпыра облыстарының колхозшылары, МТС-тері мен совхоздарының қызметкерлері, партия ұйымдары едәуір ойдағыдай еңбек етті, ел үшін зор жұмыстар істеді. Бірқатар оңтүстік аудандарда астықтың кем алынғанына қарамастан, осы жылғы 5 декабрьге елді тұтас алғанда астық өткен жылғы осы уақыттағыдан 271 миллион пұт артық дайындалды.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің 8 ноябрьде баспасөзде жарияланған хабарынан ауылшаруашылық жылының қорытындылары туралы цифрлар сіздерге мәлім. Сіздер бұл хабар-

[...] тықтың мөлшері көбейетін болса, колхоздар мен совхоздар етті, сүтті, майды, жұмыртқаны жүнді көп өндіретін болады. Елде астықтың мол резервтерін жасау, сол сияқты басқа мемлекеттерге астық сатуды ұлғайту үшін де бізге астық көп керек.

Партия мен үкіметтің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде жүзеге асырып отырған шаралары Совет мемлекетінің қуатын онан әрі нығайту, халқымыздың әл-ауқатын үнемі арттыра беру мақсатын көздейді. Бұл істе жылдан жылға өсіп отырған құрылыс индустриясының қызметкерлері —біздің құрылысшылар, құрылыс материалдары өнеркәсібінің қызметкерлері, құрылысты техникамен қамтамасыз ететін машина жасаушылар, архитекторлар мен конструкторлар және біздің барлық сансыз көп құрылысшылар армиясы маңызды роль атқаруға тиіс. Міне сондықтан да партияның Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі сіздермен бірлесіп құрылыстың ең көкейтесті мәселелерін талқылау, кемшіліктердің бетін ашу үшін, сөйтіп құрылыс ісін түбірімен жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеу үшін осы кеңесті шақыруды ұйғарды.

# Құрылысты индустрияландырудың толғағы жеткен мәселелері

Жолдастар! Біздің елімізде құрылыс орасан зор көлемде жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарының көлемін сипаттау үшін соғыстан кейінгі кезеңде халық шаруашылығындағы күрделі құрылысқа Совет мемлекетінің 900 миллиард сомнан аса жұмсағанын еске салып өту керек. Осы уақыт ішінде 8 мыңнан аса мемлекеттік ірі өнеркәсіп орындары қалпына келтірілді, салынды және іске қосылды. Тұрғын үй, мектептер мен ауруханалар салу жылдан жылға ұлғайтылып келеді: соғыстан кейінгі жылдарда қалаларда және поселкелерде жұмысшылар мен қызметшілерге арналып жалпы көлемі 200 миллион шаршы метрден аса тұрғын үйлер салынды, ал селолық аудандарда — колхозшылар мен село интеллигенциясына арналып 4,5 миллион үй салынды.

Үстіміздегі жылы еліміздегі құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі, 1946 жылмен салыстырғанда, екі жарым еседен аса ұлғайтылды. 1954 жылдың өзінде ғана күрделі құрылыс жұмыстарына жұмсалған қаржы бүкіл екінші бесжылдықта осы мақсаттарға жұмсалған шығындардың бәріне тең болады.

Біздің экономикамыздың негіздерінің негізі болып табылатын ауыр индустрия кәсіпорындарын салуда алға қарай жаңадан үлкен қадам жасалды. Үстіміздегі жылы және алдағы уақытта біз көмір, мұнай, металлургия, машина жасау өнеркәсібінің жаңа кәсіпорындарының, жаңа су электр станциялары мен басқа өнеркәсіп орындарын салуға баса көңіл бөлуге тиістіміз. Мұнымен бірге, бүкіл елде тұрғын үй құрылысы жөнінде зор жұмыстар өрістетілуде. Тек үстіміздегі жылы ғана еліміздің қалалары мен жұмысшы поселкелерінде жалпы көлемі 30 миллион шаршы метрден аса тұрғын үйлер және селолық жерлерде шамамен 400 мың тұрғын үйлер салынатынын айтудың өзі жеткілікті.

Құрылыс саласында алдымызда тұрған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін біздің құрылыс индустриямызды барынша өркендетіп, жетілдіре беру қажет. Құрылыс ісін ұйымдастырудағы майдагерлікті батыл жою керек.

Қазіргі уақытта бізде құрылысты кеңінен индустрияландыру үшін қажетті жағдайлар бар. Мұндай жағдайлар қандай? Ең алдымен, бізде жоғары мамандығы бар жұмысшылар мен мамандардың көптеген кадрлары өсіп жетілді. Еліміздің құрылыс ұйымдарында және құрылыс материалдары өнеркәсібінде көп мыңдаған өз ісінің тамаша шеберлері, өндіріс жаңашылдары жұмыс істейді. Бізде құрылысшыларды қазіргі заманғы еңбекті жеңілдететін және оның өнімділігін арттыратын техникамен қамтамасыз ете алатын заводтар бар. Құрылысты құрастырмалы темірбетон конструкциялармен, бөлшектермен және құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өндірістік база жасалды және ол ұлғайтылып отыр.

Осы кеңес көрсеткендей, құрылыс ісінде белгілібір табыстармен қатар әлі көп кемшіліктер де бар. Кемшіліктердің бетін батыл ашып, барлық күшімізді осы кемшіліктерді жоюға жұмылдыру керек. Кемшіліктерді батыл, өткір ашу керек, нақтылы айыпты адамдарды көрсету керек, өйткені кемшіліктер өзінен-өзі болмайды, оларды қандай болсын бір қызметкерлер туғызады. Сын нәтижесіз болмауға тиіс. Қателіктер жіберетін және нақтылы кемшіліктер үшін кінәлі қызметкерлерді сы-

[...] ғанда жұмыстарда жұмсалатын еңбек шығыны шамамен үш есе кемітіледі. Тұрғын үй құрылысында ағаш материалдарының қажеттігі 20—25 процент азаяды. Бұған қоса, темірбетон конструкциялар тотығып бүлінуге қарсы анағұрлым берік келеді, олар ұзақ шыдайды және отқа төзімді.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің қаулысында таяудағы үш жылда құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерін өндіретін 402 жаңа завод және полигон типті 200 алаң салу көзделді. Осы үш жылда құрастырмалы темірбетон өндіру бес есе артады, ал бұған байланысты цемент өндіру бір жарым еседен аса, инертті материалдар өндіру бір жарым еседен аса арттырылады.

Құрастырмалы темірбетон конструкциялар қолданылатын құрылыстың сипаты туралы айтқанда кейбір жолдастар құрылыстың қандай түрі артық деп санау керек: каркасты-панельді түрі ме немесе каркассыз ірі панельді түрі ме деп сұрақ қояды. Менің пікірімше, әзірше құрылыстың бұл түрлері жөнінде белгілі бір кесімді пікір айту қажет емес. Екі бағыттың да өркендеуіне мүмкіндік беру керек. Екі бағыт бірдей өздерін ақтап, өмір сүруі мүмкін, өйткені біз үйлерді әртүрлі мақсатқа арнап және әртүрлі жағдайларда саламыз. Екі бағыттың қайсысы өмірге бейім болады—каркасты-панельді құрылыс па немесе каркассыз ірі панельді құрылыс па, міне мұны практика көрсетеді. Бұл әдістердің екеуінің де өзіне тән артықшылықтары бар. Біздің кеңесте құрылыстың екі түрінің жақтаушылары да қарсы шығушылары да сөйледі, бірақ олардың ішінен ешкім де екі әдістің ішінен бірінің қолайсыздығын дәлелдеген жоқ.

Біздің қабырғалық темірбетон панельдер қолданып үйлер салумен бірге қабырғалық ірі және ұсақ блоктардан үйлер салуды кеңінен өрістетуге тиісті екендігімізге ешбір дау жоқ.

Ірі блокты құрылыстың құны, кірпіштен салынатын құрылыспен салыстырғанда, 12 процент арзандатылады, ал құрастыруға бейімдігі 38 проценттен 85 процентке дейін артады. Ірі блокты құрылыста еңбек өнімділігі шұғыл арттырылады. Екі кірпіш қалаушы 8 сағатта көлемі 3,5 текше метр кірпіш қабырғаны қалап үлгіреді. Ал екі монтажшы осындай уақытта ірі блоктардан көлемі 25 текше метр қабырғаны монтаждай алады.

Темірбетон бұйымдары заводтарының құрылысы аяқталуын күтпестен құрастырмалы темірбетон конструкцияларды, бөлшектерді және ірі блоктарды қолдану қажет, мұның үстіне үйлердің қабырғасын қалайтын блоктар жасау үшін ешқандай ерекше заводтар қажет емес. Бетонды электр қуатымен жылытуды немесе бумен жылытуды пайдаланып, блоктарды құрылыс алдында жасауға болады. Бұл үшін ешқандай күрделі жабдық керек емес.

(Жалғасы 2-бетте)

*) Қысқартылған стенограмма.

# Құрылысқа индустриялық әдістерді кеңінен енгізу, құрылыстың сапасын жақсарту және өзіндік құнын кеміту туралы

## *Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың сөзінің жалғасы*

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Үйлерді салудағы негізгі жұмыстардың бірі олардың төбелерін жабу болып табылады. Конструкторлар мен құрылысшылардың төбе жабатын құрастырмалы панельдердің конструкцияларын іріктеп алу мәселесіне көп көңіл бөлініп отыр.

Кейбір жолдастар конструкциясын инженер Макаров жасаған іші қуыс панельдерді қолдануды ғана ұсынады. Мұндай панельдерді жасау оңай және бұл жұмысты мүмкіндігінше кеңінен ұйымдастыру керек. Бірақ, менің пікірімше, төбе жабатын жиі иректелген панельдердің артықшылығы көп сияқты. Болашақ осындай панельдердікі: мұндай панельдерді жасауға материалдар, әсересе, металл аз жұмсалады, ал мұның зор маңызы бар; панельдердің конструкциясы дыбыс өткізілмеуін қамтамасыз етеді, жиі иректелген панельдердің құны басқа конструкциялы панельдерге қарағанда едәуір арзан. Жиі иректелген панельдер өндіретін машиналарды мүмкіндігінше көбірек жасауға ұмтылу керек. Алайда завод жағдайларында жиі иректелген панельдер жасап шығаруға мүмкіндік болмаған жерлерде іші қуыс панельдер өндіруді ұйымдастыру тиімді болады. Біз төбе жабатын панельдерді кеңінен қолдану арқылы тұтас бетонды қолданатын «майдагерлерді» құрылыстардан ығыстырып шығарамыз.

Баспалдақтар жасаудағы кемшіліктер туралы да айту керек. Қазір көптеген құрылыстарға заводтардан беті нашар өңделген темірбетон басбалдақ марштары мен алаңдарын әлі әкеліп жүр. Сондықтан құрылыстарда марштар мен алаңдарды тиісті орнына орнатқаннан кейін оларды мәнерлеп өңдеуге мәжбүр болады. Кейбір реттерде қабырғалық және төбе жабатын панельдерді де осылай істейді. Бұл дұрыс емес. Темірбетон бөлшектерді өңдеу жөніндегі барлық жұмыстарды толығынан заводтарда орындау керек. Баспалдақ марштарын сыртқы жағы түгел тегістелген және баспалдақтары түрлі түсті бояулармен мәнерленген күйінде жеткізу керек. Баспалдақ алаңдарының да сыртқы жағы түгел тегістелген болуға тиіс және үстіңгі жағынан плиткалары немесе түрлі түсті бояулармен мәнерленген болуы керек. Құрылыс кезінде олардың беті бүлінбеу үшін қағаз жапсырылып, тақтаймен жабылып қойылуға тиіс.

Мұнымен бірге, қабырғалық және төбе жабатын панельдерді мәнерлеу жұмысын да заводта орындау қажет. Құрылысқа бұйымдар әбден жасалып біткен, орнату үшін толық даяр күйінде жеткізілуге тиіс. Егер құрастырмалы бөлшекті заводта жасап, оны 8-ші қабатқа орнатып, бұдан соң оның бетін тазарту немесе өңдеу үшін жоғарыға қалай көтерілуді ойлайтын болсақ, бізге монтаждап-құрастырудан түсетін пайда қандай?

Бетон конструкциялар жеңі...

Жолдастар, металды ысырап етіп жұмсауды батыл жою керек. Металдан тек ең қажетті құрылыстар ғана салынуға тиіс. Құрылыста металдың орнына бетон немесе темірбетон қолдануға болатын нәрсенің бәрін бетоннан немесе темірбетоннан жасау керек. **(Қолшапалақтау).**

Құрылысты индустрияландыру проблемаларын талқылағанда біз құрылыс материалдарын өндіруді өркендету туралы мәселе жөнінде айтпай отыра алмаймыз; құрылыс материалдары өте көп керек болады. Меніңше, Мемлекеттік жоспарлау комитеті де, осында қатысып отырған біздің көптеген адамдар да бір елеулі кемшілік үшін кінәлі сияқты. Бізге цемент өнеркәсібін барынша өркендету қажет болып отырған уақытта, бізде құрылыс материалдары өнеркәсібін өркендетуде соңғы уақытқа дейін кірпіш заводтарын салуға баса көңіл бөлінгендігі дұрыс емес. **(Қолшапалақтау).**

Кірпіш, негізгі құрылыс материалы ретінде, құрылыс негізінен қолмен істелінетін әдіспен салынатын жерлерде қолданылып келді және қолданылып та отыр. Мұндай жағдайда қабырға қалайтын материал салмағының, кірпіш салмағының зор маңызы бар. Біздің заманымызда, бетон, электр моторлары, көтергіш крандар және басқа механизмдер болып отырғанда, жұмысты ескірген әдіспен онан әрі жүргізуге болмайды. Кірпіш жасау үшін қанша көп уақыт және еңбек жұмсалатыны жұрттың бәріне мәлім. Әуелі карьерлерден балшық алады, оны балшық езгіштермен өңдейді, бұдан соң кірпіш құяды, оны кептіреді, онан кейін пешке тасиды, күйдіреді, енді кірпіш қоймаға, ал одан соң құрылысқа тасылады, құрылыста қаланатын жерге көтеріледі, сөйтіп қабырғаға қаланады; ал осы жұмыстың бәрі, мозаика сияқты, әрбір кірпіш қолмен көтеріліп бірнеше рет істелінеді.

Кірпіштің орнына бетоннан көлемді қолда бар көтергіш құралдарға сай келетін —салмағы екі, үш, бес тонналық қабырға блоктарын жасау артық болмас па еді? Блокты құрылыс еңбек өнімділігін арттырады және жұмысты өнімді етеді. Бірқатар басқа елдерде құрылыста кірпіштің орнына бетонның кеңінен қолданылатындығы кездейсоқ жағдай емес.

Қазіргі уақытта, біздің алдымызға құрылысты кеңінен индустрияландыру міндеттері қойылып отырғанда, цемент өндірудің едәуір арттырылуын қамтамасыз ету үшін цемент өнеркәсібін барған сайын өркендету қажет.

Алайда, бұдан біз қазір жұмыс істейтін кірпіш заводтарындағы қолда бар резервтерді пайдалану есебінен кірпіш өндіруді арттыру туралы қамқорлық жасамауымыз керек деген ұғым тіпті де тумайды.

Біздің кеңесте атақты жаңашыл Т. ...

...ұйымдарын ірілендірудің тәжрибесі өтемөте сабақ аларлықтай; мұнда Москва Советінің, сол сияқты министрліктер мен ведомстволардың 56 құрылыс тресі негізінде біртұтас ұйым —Главмосстрой құрылды. Главмосстройды құру туралы мәселе талқыланған кезде, Москва Советі мұндай үлкен ұйымды басқара алмайды деген әңгімелер көп болды, егер министрліктер бұл істен тыс қалатын болса, тұрғын үйлер құрылысының жоспары орындалмай қалады деген хауіптенгендікте білдірілді. Главмосстройдың жұмыс істеуінің алғашқы жылында кейбір ұйымдастыру жағынан кемшіліктер болуы мүмкін, ал олар жоспардың орындалмауына әкеліп соғуы ықтимал деп жорамалдауға болатын еді. Алайда мұндай хауіптенгендіктің бәрі бекер болып шықты. Кеңесте Главмосстройдың бастығы Кучеренко жолдас құрылыс ұйымдарын ірілендірудің нәтижелері туралы мәлімдеді және москвалықтардың үстіміздегі жылы 900 мың шаршы метр тұрғын үйлерді пайдалануға тапсыру жөніндегі міндеттемесінің орындалатынын, мұнымен бірге 1955 жылғы құрылыс үшін өткен жылғыдан анағұрлым зор задел (қор) жасау жүзеге асырылатынын хабарлады.

Бұл нәтижелер істі жаңаша ұйымдастыру алға қарай едәуір қадам жасағанын көрсетеді, өйткені құрылыстағы задел— ең негізгісі, мен мұны тіпті негізгілердің негізгісі деп айтар едім **(қолшапалақтау).** Жақсы задел жасалмайынша, құрылыс жұмыстарын бірқалыпты жүргізуге болмайтынын әркім түсінеді.

Егер задел болмаса, онда жоғары маман жұмысшылар өз мамандықтары бойынша пайдаланылмайды—жер қазу және қосалқы жұмыстарды атқарады. Мұның салдарынан жұмысшылардың еңбек өнімділігі төмендейді, құрылыстың құны қымбаттайды, жұмыстар мерзімінде орындалмайды. Задел жасалған жағдайда жұмысшыларды олардың мамандығы бойынша пайдаланып, жұмысты бірқалыпты, үзіксіз жүргізуге болады. Тек ірі ұйымдар ғана жұмыс жүргізу үшін қажетті задел жасай алады.

Москваның үлгісі бойынша Ленинградта, Киевте және басқа қалаларда құрылыс ұйымдарын ірілендіру керек. Бірақ бұл жұмыс ойластырылып, ақылға қонымды етіліп жүргізілуге тиіс. Қуатты құрылыс ұйымдарын құру қажеттігінің себебі мынада: бұл құрылыста құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектерді кеңінен қолдануды жүзеге асыруға, құрылыс жұмыстарын комплексті механикаландыруды енгізуге, еңбек өнімділігін арттырып, қарқынды күшейтуге, құрылыстың сапасын жақсартып, құнын арзандатуға мүмкіндік береді.

Москваның және басқа қалалардың ...

...береді. Мысалы, Москвада «Фундаментстрой» тресі құрылды, ол құрылыс алаңдарын тегістейді, жер қазу жұмыстарын атқарады, үйлердің іргетасын және подвалдық қабырғаларын (бетоннан немесе темірбетон бөлшектер мен блоктардан) қалайды. Егер құрылыс ірі блоктардан немесе темірбетон панельдерден салынатын болса, жалпы құрылыстық сипаты бар жұмыстарды атқаратын — қабырғаларды монтаждайтын, баспалдақтарды, төбе жабатын панельдерді монтаждайтын, және басқа жұмыстарды атқаратын трестер бар. Үйлердің ішін бөлу, үйлерді мәнерлеу жұмысымен ерекше бір ұйым шұғылданады, ол осы жұмыстарды атқаруға маманданады. Санитарлық- техникалық жұмыстарды да арнаулы ұйымдар орындайды. Электротехникалық- лифттер орнату жөніндегі және басқа жұмыстарды осындай ұйымдар атқарады.

Тар көлемді мамандандырылғанда ғана жұмыстың жоғары өнімді және сапасы жақсы болуына жетуге болады. Мұндай жағдайда жұмысшылардың жалақысы да артады. Мамандандыру әдісі қолданылмайтын, жұмыстың барлық түрлерін бір трест немесе контор орындайтын жерлерде жұмысшылардың жалақысы жоғары болмайды. Бүгін ол кірпіш қалаушы, моляр болып істесе, ертең кірпіш әперуші болып істейді. Мұндай жағдайда жалақының жоғары болмайтыны түсінікті.

Құрылыс ұйымдарын мамандандыру, оларды анағұрлым икемді, іскер, жұмыста анағұрлым епті және оперативті етеді. Заводтың немесе тұрғын үйдің құрылысына кіріспестен бұрын жер қазу және тегістеу жұмыстарын жүргізетін арнаулы ұйымдар алаңды тегістеп, құрылыстың іргетасын қалап, жер астындағы барлық коммуникацияларды орнатуы керек. Ал бұл уақытта екінші арнаулы ұйым құрастырмалы конструкциялардан үйлерді құрастырып монтаждауға әзірленуге тиіс. Жұмысты бұлай ұйымдастырғанда оны ұштастырылған график бойынша жүргізуге болады: үйдің конструкцияларын құрастыруға және, егер завод салынатын болса, бір мезгілде технологиялық жабдықтарды монтаждауға болады. Бізде құрылысты бұлай ұйымдастырудың соғыс кезінде де және соғыстан кейінгі кезеңде де мысалдары көп болды.

Бір жұмысқа мамандандырылған ұйымның үнемі бір жерде қала алмайтыны түсінікті: ол өзінің ісін аяқтағаннан кейін екінші объектіге ауысуға міндетті. Территориялық мамандандырылған құрылыс ұйымдарын құруды неғұрлым дұрыс шешім деп санау керек, бірақ мұндай шешімге келу үшін бізде барлық жерде жағдай әлі жетілмеген. Сондықтан уақытша министрліктердің жанынан мамандандырылған ұйымдар ...

...тінде қабылдап, бірқатар жылдар бойы ірі блокті тұрғын үйлер салуға болатын еді. Бірақ бұл жұмыс істелген жоқ.

Қазір мектептердің 38 типті жобалары неліктен қолданылып жүр? Мұның пайдасы бар ма? Бұлай істеліп отырған себебі, сірә, көптеген қызметкерлердің құрылыс ісіне иесіздікпен қарап отырғандығынан болса керек.

Тұрғын үйлердің, мектептердің, ауруханалардың, балалар бақшалары, балалар яслилері үйлерінің, магазиндердің және басқа үйлер мен құрылыстардың шағын мөлшердегі типті жобаларын іріктеп алып, жаппай құрылысты, айталық, 5 жыл бойы тек осындай жобалармен ғана жүргізу керек. Бұл мерзім өткеннен кейін осы жобаларды талқылап, жақсы жобалар болмаған күнде, осы жобаларды қолдануды тағы да 5 жылға ұзарту керек. Мұның несі жаман, жолдастар?

Құрылысты типті жобалар бойынша салудың қандай артықшылықтары бар? Мұның пайдасы өте зор —құрылыс салуды ойлаған екенсің: оның жобасы әзір тұр, бұл құрылысқа қажетті участоктің көлемі қандай болатыны, қандай конструкциялар мен материалдар, қаншама жұмысшылар керек болатыны мәлім. Барлығы да айқын. Міне мұндай жағдай құрылысты анағұрлым тездетіп, арзандатуға көмектеседі.

Немесе өнеркәсіп үйлері мен құрылыстарын жобалау мәселелерін алып көрейік. Тұрғын үйлердің типті жобалары сияқты, өнеркәсіп үйлерінің жобалары да сан рет қайталанатын біркелкі секциялардан немесе біркелкі пролеттерден құрылады. Колонналар, ригельдер, кран астында болатын арқалықтар және басқа элементтер әрбір пролетте өзгермейтін қалпында сақталады. Өнеркәсіп үйлерінің типті жобалары әртүрлі өнеркәсіп салаларының өндірістік және көмекші цехтарын үйлердің ішіне орналастыру мүмкіндіктерін ескере отырып жасалуға тиіс. Әртүрлі мақсатқа арналған, бірақ белгілі бір көлемде жабдығы бар үйлерді белгілі бір элементтерден салуға болады. Бұл үшін өнеркәсіп үйлерінің типті жобаларын жасағанда, колонналардың біркелкі жүйесі мен қабаттардың биіктігін, біркелкі салмақ мөлшерін, біркелкі саты басқыштарын, біркелкі терезелер мен есіктерді, тағы сондайларды қолдана отырып жасау қажет.

Осындай типті жобаларды қолдану құрылыс бөлшектері мен конструкцияларын алдын ала жаппай жасауды ұйымдастыруға және үйлерді әдеттегі әдіспен салудан құрастыру- монтаждау әдісіне көшуге, сөйтіп бұл жұмысты қысқа мерзімдерде жүргізуге мүмкіндік береді.

Біз осыған жетісуге тиіспіз, жолдастар. Типті ...

...әшекейлеумен әуестеніп, көптеген ысырапқорлыққа жол бергені үшін сыналды.

Тұрғын үйлердің маңдайшаларында кейде кейбір архитекторлардың өнерпаздығын талғамайтынын көрсететін әртүрлі керексіз көп әшекейлер жасалып жүр. Ал құрылысшылардың мұндай әшекейлерді орындауы кейде тіпті қиынға соғады.

Бұл істе биік үйлер салудың үлкен әсері болды. Архитекторлар биік үйлерді жобалаған кезде, көбінесе құрылыстардың келбетті көрінісін жасауға көңіл бөліп, бұл үйлерді салудың және пайдаланудың қаншаға түсетінін ойластырмады.

Тек әшекейлеу мақсаттары үшін ғ[ана] жасалған қабырғалардың күрделі қат[-]баттары жылылықтың көп ысырап бол[уы]мен байланысты пайдалану шығындар[ы]ның шамадан тыс жұмсалуын тудыра[ды]. Осы себептен, мысалы, Смоленск алаң[ын]дағы үйде отынның өзіне ғана жыл сай[ы]н 250 мың сом қаржы артық жұмсал[ы]п келеді. Міне бұл тек бір үй жөнінде ға[на] осылай болып отыр.

Биік үйлерде ашық алаңның бөлінуін көрсететін кейбір мәліметтер келтірейін.

(процент есебімен)

| | Қызыл қақпалар алаңындағы үй | Смоленск алаңындағы үй |
|---|---|---|
| Үйдің жалпы құрылыс алаңы | 100 | 100 |
| Соның ішінде: | | |
| жұмыс үйлерінің алаңы | 28,1 | 3[illegible] |
| көмекші үйлердің алаңы | 23,1 | [illegible]4 |
| инженерлік жабдықтар тұрған және көмекші қызмет үйлерінің алаңы | 14,9 | 11 |
| конструкциялық алаң | 33,9 | 35 |

Міне биік үйлерде негізгі мақсатқа арналған алаңның қандай аз екені, конструкциялық алаңдар дейтіндердің қандай көп екендігі осы мәліметтерден айқын көрінеді. Ал конструкциялық алаң дегеніміз не? Бұл —қабырғалар мен конструкциялар алып тұрған алаң. Биік үйлерде бұл алаң үйдің келбетті көрінісін жасау мақсаты үшін ғана нормадан анағұрлым арттырылып жіберілген. Бұл алаңға тек қарап тұруға ғана болады, бірақ бұл алаңда тұруға, жұмыс істеуге болмайды. **(Залда қозғалыс, күлкі, қолшапалақтау).**

Дегенмен де биік үйлер өте әсем, сондықтан бұл үйлерді сынау орынсыз болар, өйткені бұл үйлер бұрын мақталып келді ғой деп айтатындардың болуы мүмкін. Біздің пікірімізше, кемшіліктерді сынаған жақсы өйткені, біз мұны қазір істемесек, биік үйлерге еліктеушілік өріс алып, «конструкциялық алаңдар» дейтіндердің ...

тиіс, олардың артық салмағы болмауы керек.

Біз жұқа қабырғалы, профильді құрастырмалы конструкцияларды қолдануға ерекше көңіл бөлуіміз керек. Мұндай конструкциялардың көлемі бетон конструкциялары мен салыстырғанда зор артықшылықтары бар. Олардың салмағы, шамамен, 33 процент жеңілдейді; цементтің шығыны 20 процент кемиді, ал құны 15 процент арзандайды.

Заводтарда вибраторлардың, вибрация столдарының, механикалық штамптардың және басқа механизмдердің болуы бөлшектер мен конструкцияларды жасағанда жұмсақ бетонның орнына қатқыл бетон қолдануға мүмкіндік береді. Қатқыл бетон тез қатады, сөйтіп өте берік бұйымдар жасап шығаруға мүмкіндік туғызады. Қатқан бетонды қолданудың пайдалығы бір жағынан мынада: қалыптардың саны азайғандықтан өндірістің шапшаңдығы артады, бұйымдардың сапасы жақсарады, қалыптар құюда металл үнемделеді және опалубкаларды ыдырату мен құрастырудағы шығындар кемиді. Біз бұл мәселелерге ұқыптылықпен кірісуге тиістіміз. Әзірше заводтар жоқ, темірбетон бұйымдарды заводта өндіру ұйымдастырылмаған жерлерде ғана жұмсақ бетонды қолдану керек.

Құрылыста құрастырмалы темірбетон бұйымдарды кеңінен қолдану ағаш пен металды пайдалануды едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Жолдастар, бізде ағаш пен металл сияқты өте бағалы материалдарды сақтауға және үнемді жұмсауға әлі шын мәнінде үйреніп болмағанын мойындау керек. Бұдан әрі мұндай ысырапшылдыққа төзуге болмайды.

Көптеген қызметкерлер ағаш жоқ дейді. Бұл дұрыс, ол шынында да жетпейді. Бірақ осы уақыттың өзінде көп ағаш ысырап етілуде. Мысалы, Қатынас жолдар министрлігін алып қарайық. Темір жолдарда тек ағаш шпалдар ғана қолданылады, ал километр көрсеткіш бағаналар тек рельстен ғана жасалады. Мачталар, кішкене көпірлер мен су ағатын трубалар—бәрі металдан жасалады. Ал осының бәрін темірбетоннан жасауға болмай ма? Бізге, мысалы чехтардан үйренуге болмас па еді; олар темірбетоннан тамаша шпалдар жасап, көп ағаш материалдарын үнемдейді. Оларға барыңыздар да, бәрін көріңіздер. Олар біздің достарымыз, өздерінің тәжрибесін ықыласпен үйретеді.

Булганин, Микоян жолдастар мен және делегацияның басқа мүшелерімен бірге біз Қытайды аралаған кезде темірбетоннан жақсы жасалған көптеген мачталар мен бағаналарды көрдік. Біз осы пайдалы тәжрибені үйренуіміз керек.

Біз Қиыр Шығысты аралаған кезде бірсыпыра заводтарда болдық, олардың көбі негізінен металдан жасалғанын көрдік, құрастырмалы темірбетон мүлде дерлік қолданылмаған. Бұл неліктен болады? Мұның себебі — кейбір басшылар цехтардың каркастарын түгелінен металдан жасайды, сөйтіп бұл оларға құрылысты тезірек аяқтауға мүмкіндік беретінін дәлелдегісі келеді. Бірақ бұл дұрыс емес.

кірпіш заводтарында кірпіш өндіруді бір жарым— екі есе арттыруға болатынын көз жеткізе дәлелдеді. Бұған кірпішті күйдірудің Т. Дуванов ұсынған және бірсыпыра кәсіпорындардың практикасында сыналған озат әдісін қолданып жетуге болады. Кірпіш бұдан былай да негізгі құрылыс материалы болып қалады, сондықтан бізге кірпіштің орнына бетон бұйымдар қолданылатын болғанға дейін оны өндіру ісін барынша жетілдіре беру қажет.

Мұнымен бірге, біз құрылыста кірпішті неғұрлым дұрыс қолдану жөнінде зор жұмыс істеуге тиістіміз. Осында сөз сөйлеген Мальцев және Ширков жолдастар кірпішті құрылыстарға тасымалдаудың тиімді әдістері туралы айтты. Кірпіш тасу үшін контейнерлерді қолдану құрылысқа үлкен пайда келтірді. Бірақ қазір біз одан әрі алға басуымыз керек. Кірпіштерді контейнерлерде тасудың орнына кірпіш заводтарында кірпіштен блоктер жасау керек. Мысалы, Чехословакияда мұны қазірдің өзінде істеп отыр. Мұнымен бірге, осы бағыттағы алғашқы тәжрибелерді Сталинград құрылыстарында инженер Ребриков жолдастың жүзеге асырғаны мәлім. Кірпіштен блоктар жасауды бұл блоктардың беті заводта өңделетіндей етіп ұйымдастыру керек. Бұл салынатын үйлердің қабырғаларын құрылыста ешқандай қосымша өңдеу жүргізілмейтін блоктардан қалауға мүмкіндік береді.

Жолдастар! Индустриялық әдістерді ойдағыдай енгізу және құрылыс ұйымдарының жұмысын жақсарту құрылысқа ұйымдастыру- техникалық басшылық жасаудың дәрежесіне көп байланысты болады.

Ұсақ құрылыс ұйымдарының күшімен құрылысты индустрияландыруды жүзеге асыруға, құрылыс жұмыстарының қарқынын күшейтіп, құнын арзандатуға болмайды. Сондықтан құрылыс ұйымдарын іріләндіру керек. Қазіргі уақытта Совет Одағында 7.500ден аса мердігер құрылыс ұйымдары бар, олардың үштен бірінің жылдық жұмыс көлемі 5 миллион сомнан аспайды. Мысалы, Ленинградта жұмыстарды мердігерлік әдіспен орындайтын 133 құрылыс ұйымдары, Киевте —107, Ростовта —56 құрылыс ұйымдары бар, тағысын тағылар. Ал құрылысты жабайы әдіспен салатын заводтардағы ұсақ құрылыс ұйымдары қанша десеңізші? Олардың саны жоқ. Құрылыс ұйымдарының саны азайып отырған жоқ, қайта жылдан жылға көбейе береді.

Егер біз бұдан былай да құрылыс ұйымдарының санын көбейтетін болсақ, құрылысты индустрияландыру туралы мәселені шын мәнісінде қоя алмаймыз. Ұсақ, демек, әлсіз құрылыс ұйымдары жұмыстың индустриялық әдістерін қолдана алмайтынын кім түсінбейді. Бізге құрылыс ұйымдарын батыл іріләндіру жолына түсу керек. Бұлай істемейінше құрылысты ешқандай индустрияландыру туралы әңгіме болуы мүмкін де емес.

Бұл жөнінде Москвадағы құрылыс

...құрылыс ұйымдарын, комплексті емес, нақ арнаулы ұйымдар құру қажет екенін дәлелдеп отыр, өйткені тек осындай ұйымдар ғана құрылыстың индустриялық әдістерін енгізе алады. **(Қолшапалақтау).**

Арнаулы құрылыс ұйымдары жұмысшыларының еңбегін неғұрлым жақсы ұйымдастыруға, оны анағұрлым мамандандыра түсуге жағдай жасайды, механизмдерді өнімді пайдалануға мүмкіндік

Еліміз зор көлемде өнеркәсіп орындарының, тұрғын үйлердің, мектептердің, ауруханалардың және басқа орындардың құрылысын жүзеге асыруда. Бұл құрылыстың өмірлік зор маңызы бар. Біз құрылыстың қарқынын шұғыл арттырып, сапасын жақсартуға және құнын арзандатуға міндеттіміз. Бұл міндетті орындау үшін бірден бір жол бар, ол —құрылысты нағыз кең көлемде индустрияландыру жолы.

## Жобалаудағы кемшіліктер жойылсын, архитекторлардың жұмысы жақсартылсын

Жолдастар! Индустрияландырудың табысты болуы, құрылыстың сапасын жақсартып, құнын арзандату едәуір дәрежеде жобалау ұйымдарына, архитекторлар мен конструкторлардың жұмысына байланысты.

Өнеркәсіп орындарын, тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, мәдени- тұрмыс мекемелерінің үйлерін салу жөніндегі біздің жүргізіп отырған жұмыстарымыздың қазіргі көлемі тұсында жобалау ісінің артта қалуына төзуге болмайды. Біздің бүкіл еліміз құрылыстар салумен шұғылдануда. Совет мемлекеті құрылысқа жыл сайын көптеген миллиард сом қаржы жұмсап келеді, бізде тіпті әрбір адам құрылыстың жақсы жүргізілуіне мүдделі болып отыр. Сондықтан кейде тіпті қарапайым үйлерді де екі жыл бойы және одан да көп уақыт жобалайтын жобалау ұйымдарының сылбырлығы салдарынан құрылыс жұмыстарының көп жағдайда ұзаққа созылуына біз төзіп отыра алмаймыз.

Құрылысты индустрияландыру мүдделері жобалау ұйымдарының жұмысын қайта құру, типті жобалауды және қолда бар типті жобаларды қолдануды олардың жұмысындағы басты міндетке айналдыру қажеттігін тудырып отыр.

Құрастырмалы темірбетон бөлшектерді, конструкцияларды, ірі блоктерді және пайдалы жаңа материалдарды кеңінен қолдану жобалаудың ескірген тәсілдерінен тыйылуды қатты талап етіп отырған құрылыс техникасындағы жаңалықтың өзі болып табылады. **(Қолшапалақтау).**

Мұнымен бірге жоспарлаушы және жобалау ұйымдарының көптеген қызметкерлері типті жобалаудың маңызын жете бағаламайды.

Мұны мынадай фактілер көрсетіп отыр. Елдегі құрылыс жөніндегі 1.100 жобалау ұйымдарынан 152 ұйым ғана типті жобалаумен ішінара шұғылданады. 1951 жылдан 1953 жылға дейін жобалау жұмыстарына бөлінген қаржының бір проценті ғана типті жобалауға жұмсалды. 1953 жылы өнеркәсіп құрылысының жалпы көлемінің 12 проценті ғана типті жобалармен салынды. Ал биылғы жылы да жағдай оншалықты жақсарған жоқ.

Менің жобалау мәселесі жөнінде көптеген инженерлермен және архитекторлармен әңгімелесуіме тура келді. Бұлардың бәрі де типті жобалаудың құрылысты едәуір дәрежеде оңайлатып, жақсартатынына келіседі, бірақ практика жүзінде көптеген архитекторлар, конструкторлар, ал өнеркәсіп құрылысында кейде тіпті технологтер де тек өздерінің жеке жобаларын ғана жасауға тырысады.

Неліктен бұлай болып жүр? Мұның себептерінің бірі, сірә, бізде архитекторларды даярлаудағы кемшіліктерден болып отырса керек. Архитектура шеберлерінен өнеге алған көптеген жас архитектортар институттың табалдырығынан аттап өтісімен-ақ, аяғын әлі қаз басып орнықпай жатып, жеке сыйпаты бар үйлерді ғана жобалағысы келіп, өздеріне ескерткіштер орнатуға асығады. Егер Пушкин өзіне қолдан келмес ескерткіш орнатқан болса, көптеген архитекторлардың жеке жоба бойынша салынған үй түрінде өздеріне міндетті түрде «қолдан келетін» ескерткіш орнатқысы келеді. **(Күлкі, қолшапалақтау).**

Мынаны түсіну керек: егер біз барлық өнеркәсіп құрылыстарын, тұрғын үйлер мен басқа үйлерді жеке жобалар бойынша салатын болсақ, онда мұның өзі құрылыстың қарқынын едәуір бәсеңдетіп, оның құнын зор көлемде арттырып жіберген болар еді.

Көптеген жобалаушылар — архитекторлар мен конструкторлар шынында да творчестволықпен жұмыс істеп, өз жұмыстарымен көптеген пайдалы жаңалықтар енгізуде, бірақ бұл істе ірі- ірі кемшіліктер де болып отыр. Кейбір жобалаушылар құрылыс өнеркәсібінің заводтары жасап шығаратын конструкцияларды, бөлшектер мен материалдарды өз жобаларында ескермей, осы уақытқа дейін құрылыстың артта қалған әдістеріне бағыт ұстап келеді.

Тұрғын үй құрылысын мысалға алайық. Жақсы салынған тұрғын үйлердің таңдаулы жобаларын іріктеп алып, оларды құрылыста сан рет қайталауға неліктен болмайды. Міне архитекторлар өзара жарысу ретінде осындай үйлердің өз жобаларын ұсынатын болсын!

Қазір ірі блокті тұрғын үйлердің жақсы жобаларын іріктеп алу өте қажет болып отыр. 1953 жылы Москва Советінің жобалау ұйымдары қабырғалары ірі панельдер мен ірі блоктерден салынатын тұрғын үйлер жөнінде жобалау шешімдерін әзірледі. Сол кезде ССРО Архитектура академиясының толық мүшесі И. В. Жолтовскийдің ұсынысы таңдаулы шешімдердің бірі деп танылған болатын. Бұл уақыттың ішінде осы ұсыныс бойынша жоба жасап, оны типті жоба ре-

үшін қажырлылық пен табандылық көрсету керек, өйткені бұл істе біздің қарсылыққа кездесуіміз де мүмкін. Бұл істің қажеттігін, сірә, кейбіреулерге жақсылап түсіндіруге де тура келеді.

Құрылыста типті жобаларды қолданудың қаржыны үнемдеу жөнінде де, сондай-ақ құрылысты тездетіп, сапасын жақсарту жөнінде де зор пайдасы тиеді. Бұған ешқандай күмән жоқ. **(Ду қолшапалақтау).**

Жолдастар, архитекторлардың жұмысы жайында алған әсерлерім мен кейбір ескертпелерімді менің сіздерге айтқым келеді. Ең алдымен Архитектура академиясының президенті Мордвинов жолдаспен сөйлескім келеді. Біз сізбен, Мордвинов жолдас, Москвада жұмыс жағдайымен жиі-жиі кездесіп келдік. Мен сіздің жақсы ұйымдастырушы екеніңізді білемін; мұны сіз Үлкен Калуга көшесінде үйлерді үдемелі-шапшаң әдіспен салған кезде көрсеттіңіз. Ол кезде үдемелі-шапшаң құрылыс тұңғыш рет жүргізіліп, Мордвинов жолдастың қатысуымен жүзеге асырылған болатын. Бірақ Мордвинов жолдас соғыстан кейін өзгеріп кетті. Бұрынғы Мордвинов болмай қалды. «Патша қалыңдығы» операсындағы: «Григорий Грязнов мұндай емес еді-ау!» —деген сияқты, болды. **(Күлкі, қолшапалақтау).**

Біздің құрылысымызда қаржының орынсыз жұмсалуы жиі- жиі байқалады, бұған көптеген архитекторлар көп кінәлі, өйткені олар жеке жобалар бойынша салынатын үйлерді архитектуралық мәнерлеу ісінде орынсыз ысырапқорлыққа жол береді.

Мұндай архитекторлар құрылысты индустрияландыру жолында кедергі болып отыр. Құрылысты ойдағыдай және шапшаң салу үшін оны типті жобалар бойынша жүргізу керек, бірақ бұл кейбір архитекторларға, сірә, ұнамайтын сияқты.

Осы кеңестегі Мордвинов жолдастың баяндамасы және кейбір архитекторлардың сөйлеген сөздері олардың құрылыс экономикасы мәселелерін елемейтінін, тұрғын үй көлемінің шаршы метрінің құнына көңіл бөлмейтінін көрсетті.

Барлық құрылысшылар сияқты, архитекторлар да құрылыс экономикасының мәселелеріне шұғыл бет бұрып, бұл мәселелерге терең зер салуға тиіс. Салынып жатқан үйдің құны, әрбір шаршы метр аланның құны-басты мәселе екенін әрқашан да есте ұстау керек.

Архитектор, егер оның өмірден артта қалғысы келмейтін болса, архитектуралық формаларды, ордерлерді және әртүрлі декорациялық элементтерді ғана біліп, қолданып отыруға міндетті болумен бірге, ол жаңа прогрестік материалдарды, темірбетон конструкциялар мен бөлшектерді де білуге тиіс және, ең алдымен, құрылыс экономикасының мәселелерін мінсіз айыра білуге тиіс. Мордвинов жолдас және оның көптеген әріптестері кеңесте сыналғанда, олар үйлерді жобалай отырып, басты мәселені —құрылыстың шаршы метр алаңының құнын естен шығарып, үйлердің маңдайшаларын орынсыз

**(Күлкі, қолшапалақтау).**

...винов жолдас сөз сөйлеген кезде мен оған оның жобасы бойынша салынып жатқан «Украина» қонақүйінің биік үйінің құны туралы сұрақ бердім. Ал Мордвинов жолдастың үйлерді архитектуралық мәнерлеу ісінде ысырапқорлыққа жол беріп отырғандардан қалыспай, қайта соларға ілесіп отырғанын айту керек. «Украина» қонақүйінде негізгі мақсатқа пайдаланылатын бір шаршы метр алаңның құны «Москва» қонақүйіндегі алаңның құнына қарағанда 175 процент болып отыр.

Ал Москва қаласының бір өзінде ғана әртүрлі авторлардың жобалары бойынша салынған тұрғын үйлер құрылысының құны жөніндегі айырмашылық тұрғын алаңның әрбір шаршы метріне 600—800 сомнан келіп отырғанына төзуге бола ма?

Мұнымен қатар Москвадағы көптеген тұрғын үйлердің сыртқы мәнерлеу жұмыстарының құны үйлер құрылысының жалпы құнына шаққанда нормалы мөлшердегі 8—9 проценттің орнына 15—20 процент, тіпті 30 процент болып отырғанына да төзуге болмайды.

Жолдастар! Бізде ыңғайлы тұрғын үйлер мен пәтерлер жасау қажеттігі туралы негізгі мәселелер жөнінде архитекторлармен арамызда алшақтық жоқ. Ал мұның өзі маңызды мәселе, бұл арада әңгіме адамның тұрмысына қолайлы жағдай жасау жайында болып отыр. Аз бөлмелі және көп бөлмелі пәтерлер саны, олардың көлемі, үйлердің биіктігі —бұл мәселелер жөнінде, әдетте, алшақтық жоқ. Бірақ істің жайы үйлердің маңдайшаларын архитектуралық әсемдеуге келіп тірелгенде, мұндай алшақтықтар әрқашан да туады. Үйлерді көркемдік-архитектуралық жағынан әсемдеу туралы мәселе ең қиын мәселеге айналады.

Кейбір архитекторлар үйлердің төбелерінде мұнаралар жасаумен әуестенеді де, сондықтан бұл үйлер шіркеуге ұқсап жүр. Шіркеудің келбеті сіздерге ұнай ма? Кімнің нені талғайтынына менің таласқым келмейді, бірақ тұрғын үйлер үшін мұндай бейнедегі үйлердің керегі жоқ. Қазіргі заманғы тұрғын үйді архитектуралық жағынан мәнерлеу арқылы шіркеуге немесе музейге ұқсатуға болмайды. Бұл мұндай үйде тұрушыларға ешқандай қолайлы жағдай тудырмай, тек үйді пайдалану ісін қиындатып, оның құнын қымбаттатады. Ал оның бер жағында кейбір архитекторлар мұнымен санаспай келеді.

Мысалы, архитектор Захаров Москвадағы Үлкен Тула көшесіне үйлер салу жөнінде өзінің жобаларын тапсырды, бұл жобалар бойынша салынатын үйлердің сыртқы бейнесінің шіркеуден айырмасы шамалы-ақ. Мұның неліктен қажет болғанын оның түсіндіріп, дәлелдеп беруі сұралған еді, ол былай деп жауап берді: «Біз өз жобаларымызды биік үйлермен ұштастырып отырмыз, үйлердің сыртқы келбетін көрсету қажет». Міне, Захаров жолдастың басқадан гөрі көбірек көңіл, бөліп отырған проблемалары осындай екен. Оған үйлердің әсем келбеттері ке-

(Жалғасы 3-бетте)

# Құрылысқа индустриялық әдістерді кеңінен енгізу, құрылыстың сапасын жақсарту және өзіндік құнын кеміту туралы

## *Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың сөзінің жалғасы*

(Жалғасы. Басы 1-2-беттерде)

рек, ал адамдарға пәтер керек. Адамдар үйлердің сыртқы келбетін тамашалауды емес, қайта сол үйлердің ішінде тұруды керек етеді! **(Қолшапалақтау).** Люсинов көшесіндегі үйлердің жобаларында архитектор үйлердің 8-ші қабатынан бастап одан жоғары қабаттарда, әр бұрышқа скульптуралар орнатуға ұйғарған. Ең жоғарғы қабатта бұрыштарды қиып тастау жобаланып, осындай қиылған бұрыштарда терезелер жасалған, ал терезелердің сыртқы жағынан скульптуралар орнатуға ұйғарылған. Терезесі бұрыштан шығарылған бес қабырғалы тұрғын бөлме мүлде қолайсыз, ал оның бер жағында бұл бөлмеде тұрушылардың бүкіл өмір бойы скульптураның қыр арқасына қарауға тиіс болатынын айтпаса да түсінікті. Міне, мұндай бөлмеде тұрудың онша көңілді болмайтыны айқын. Біздің бақытымызға, мұндай үйлер салынған жоқ, өйткені Захаров жолдастың мұндай суреткерлігіне ерік берілмеді.

Міне осылардың бәрі үйлерді архитектуралы көркемдік жағынан мәнерлеу деп аталып жүр! Жоқ, жолдастар, бұл материалдарды бүлдіруге және орынсыз қаржы жұмсауға әкеліп соқтыратын архитектурадағы бұрмалаушылық болып табылады. Москва ұйымдары Захаров жолдасты архитектуралық мастерскойға басшылық етуден босату туралы дұрыс қаулы алды. Бірақ мұны істің пайдасы үшін бұдан едәуір бұрын істеу керек еді!

Москвада биылғы жылдың басында темірбетон бұйымдардың екі үлкен заводы іске қосылып, олар өнім шығаруда, ал оның бер жағында бізде каркас-панельді үйдің бекітілген бір ғана жобасы бар. Жобалауды кешіктіруге кім кінәлі? Бұған көптеген архитекторлар және ең алдымен Москва қаласының бас архитекторы Власов жолдас кінәлі. Ол жақсы архитектор, бірақ кейде ойдағыдай табандылық көрсетпейді.

Жобалау, әсіресе типті жобалау жөніндегі жақсы еңбектерді барынша қолдап, көтермелеп отыру қажет. Жобалаушылардың еңбегіне ақы төлеудің қабылданған тәртібін ойластыру керек, мүмкін, тіпті қайта қарау керек. Ақы төлеудің жобалаушылар жұмысын неғұрлым жақсы ынталандыратындай тәртібін орнату қажет. **(Қолшапалақтау).**

Жобалау ұйымдары мен жеке архитекторлардың жұмысындағы елеулі кемшіліктердің себебі көбінесе Архитектура академиясы мен бірқатар көрнекті архитекторлардан берілетін нұсқаулардың терістігінен болып отыр. Мінекей соңғы уақытқа дейін мынадай нұсқаулар беріліп келген:

Архитектура академиясының прези-

дайшалар үшін, әгин форма үшін құрбан етіп отырған, сөйтіп, адамдардың маңызды тілектеріне немқұрайдылықпен қарап отырған кейбір архитекторлардың сылтаулары дәлелсіз екенін жоғарыда келтірілген конструктивизм сыйпатының өзі де айқын көрсетеді.

Конструктивизмге қарсы күресу қажеттігін жақтап отырған жеке архитекторлар екінші қателік жасап жүр — олар үйлердің маңдайшаларын орынсыз, тіпті кейде мүлде керексіз декорациялық элементтермен әшекейлеп, құнын екі мемлекет қаржысын ысырап етуге әкеліп соқтыруда.

Мұнаралары, қондырғылары, колонналы портиктері жоқ немесе маңдайшалары түрлі әшекейлермен әсемделмеген үйлер қорап тәрізді деп аталып, ондай үйлер конструктивизмнің қайталануы деп саналуда. Мұндай архитекторларды, сірә, боямалы конструктивистер деп атауға болады, өйткені бұлардың өздері «форманы мазмұнынан ажыратып, форманы эстеттікпен тамашалау» жолына түсіп отыр.

Көптеген архитекторлардың конструктивизмге қарсы күресу туралы және архитектурадағы социалистік реализм туралы көпірме сөздерді бетке ұстап, халық қаржысын ұқыпсыз жұмсап отырғанына ендігі жерде төзуге болмайды.

Конструктивизмге қарсы күрес ойластырылып жүргізілуге тиіс. Архитектуралық декорациялармен, эстеттік әшекейлеумен, үйлердің төбесінде ешнәрсемен ақтауға болмайтын мұнаралар жасаумен немесе скульптуралар орнатумен әуестенуге болмайды. Біз әсемдікке қарсы емеспіз, бірақ біз ысырапқорлыққа қарсымыз. Бүкіл құрылыстың тұлғасын жақсарту, терезелер мен есіктерді жақсы орналастыру, балкондарды шебер жасау, қаптағыш материалдардың фактурасы мен түсін дұрыс пайдалану, ірі блокті және ірі панельді құрылысқа қабырға бөлшектері мен конструкцияларын шындықпен көрсетіп беру есебінен үйлердің маңдайшалары әсем және тартымды етіп жасалуға тиіс.

Әрбір жоба құрылысқа керекті қаржының үнемді жұмсалуын ескере отырып жасалуға тиіс. Үйлер берік және пайдалану жағынан үнемді болуға тиіс. Архитекторлардың халық ақшасын есептей білуді үйренуі керек. Бұл өте елеулі мәселе болып табылады. Мен өзімнің сөзіммен архитекторлардың жанды жеріне тиіп отырмын. Бірақ менің сөз алғандағы мақсатымның өзі де осы, бұл арада жарты ауыз сөзбен тынуға болмайды. Бір-бірімен достасу, бір-біріне жылы шырайман қарау, ал соның өзінде халық қаржысын ысырапқорлықпен жұмсау —бұл нашар, принципсіз достық. Социалистік мемлекеттің күштерін еселеп арттыратын

лион сомдай жұмсалған, ал бүкіл үйді қайта салу 9 миллион сомға түскен. Тегі, бұл шығындардың көпшілік бөлегі үйдің алдыңғы қабырғасын оның биік бөлегімен үйлестіруге және мұнараны салуға байланысты жұмыстардан туса керек. Мұнараның ұшар басын жасауға жұмсалған қаржыға ғана әрқайсысы 400 оқушыға бейімделген 2 мектеп салуға болар еді.

Свердловскінің көшелерінің бірінде бесқабатты үлкен үй тұр.

— Бұл —диірмен, — деп түсіндірді бізге облыстық комитеттің секретары Кутырев жолдас. Ол дәл осы сәтте:—Бірақ біз жаңа диірмен салғымыз келеді, ал мұны мейманханаға бейімдеп қайта саламыз, —деді.

—Қалайша қайта салу керек? — деп сұрадық одан.

—Иә, —деп растады Кутырев жолдас, —диірменді мейманхана етіп қайта салуды ойлап отырмыз.

—Диірменді мейманхана етіп қайта салудың қажеті не, —дедік біз оған. — Жаңа мейманхана салу артық емес пе?

Өздеріңіз ойлап көріңіздер. Диірмен ретінде пайдаланылып отырған үйді мейманхана етіп қайта салу, ал диірменді жаңадан салу ақылға сыя ма? **(Залда күлкі. Қолшапалақтау).** Бұл қаржыға жаңадан жақсы мейманхана салуға болады және ол анағұрлым жақсы және арзанға түседі ғой. Байыптап ойлау деген, шаруашылық жағынан тиімділік деген қайда?

Свердловск қаласын аралап онан әрі жүріп келеміз. Облыстық комитеттің секретары былай дейді:

—Мынау тас жол, біз оны да қайта салуды ойлап отырмыз.

—Ал сіздер не істегілеріңіз келеді?

—Асфальттамақшымыз.

Ал жол гранит тастардан төселіп жасалған. Бұл тас жол немерелерімізден де ұзақ өмір сүреді, ал асфальттаған жол он жылдан артыққа шыдамайды. Гранит тастан салынған жолды бүлдіріп кереғі не? —деген сұрақ туады.

Біз облыстық партия комитетінің үйі алдына келіп тоқтағанда облыстық комитеттің секретары былай деді:

—Міне біздің облыстық комитеттің үйі, біз оны қайта салуды ойлап отырмыз.

—Қандай қайта салу, керегі не?

—Үйдің алдыңғы қабырғасы ұнамсыз, осының бәрін қайта салу керек.

Қайта салу дегеніміз не? Алты қабат үйді қайта салу қаншаға түседі? Сірә, ескі үйді қайта салғаннан гөрі, жаңа үй салу арзанға түсер.

Осындай ұсыныстарды естігенде губернаторды сықақ еткен мәңгі жасайтын

Үйдің түрлі әшекейлері өте көп. Сыртқы архитектурасы «сарай» сияқты. Осы үйді салуға жұмсалған қаржыға балалар бақшасына арналған үш үй салуға болар еді. Ал оның бер жағында, жобаның авторына бірінші сыйлық берілді. Не үшін? Қаржыны ысырап еткені үшін. **(Күлкі).**

Уфа қаласында типті жоба бойынша кинотеатр салынған. Үйдің алдыңғы қабырғасының жобасы толып жатқан әрі, қымбатқа түсетін әшекейлер қолданылатын болып жаңадан жасалды. Әсемдеу жұмыстарының құны үйдің жалпы құнының 30 процентінен асып кетті. Бұл жобаның авторына да бірінші сыйлық берілді.

Ялта қаласының № 66 санаторийінің хирургиялық корпусында құрылысты жоспарлау жөніндегі шешімде қаржының бір жарым есе артық жұмсалуы көзделген. Бұл жобаның авторына да ақшалай сыйлық берілді.

Бұл фактілердің бәрі РСФСР Министрлер Советі жанындағы архитектура істері жөніндегі Басқарманың архитектураларға олардың жұмысына дұрыс бағыт бермейтінін, құрылыстың экономикасына назар аудармайтынын көрсетеді.

Сіздер бұл конкурс жюриінің председателі кім болып еді деп сұрауларыңыз мүмкін? Бұл міндетті бұрын Москва қаласының бас архитекторы болып істеген, қазір совет архитекторлары Одағының жауапты секретары Чернышев жолдас атқарды. Осындай тәжрибелі архитектордың өзін дұрыс жолдан тайдыруға көнгені өкінерлік іс. Бәлкім, осы конкурс жюриінің қарарларын дұрыс емес деп тауып, күшінен айыру пайдалы болар еді. **(Қолшапалақтау).**

Осы кеңестен кейін қалалар мен министрліктерде адамдар «шынпейілден» әңгімелесіп, ортақ тіл табуы үшін архитекторлардың, конструкторлардың және өндірісші-құрылысшылардың кеңесін өткізу керек. Мен архитекторлардың көпшілігі біздің талаптарымызды дұрыс түсінетініне сенемін. **(Қолшапалақтау).** Ал түсінбейтін адам болса, оны түзету керек.

Осында сөз сөйлеген Вишневский жолдас тұрғын үйдің әрбір шаршы метрінің құнын негізге алып, аудандар мен қалалар бойынша үйлердің сатылатын бағаларын бекіту және үйлерді салудың құнын белгілеу жөнінде ұсыныс жасады. Бұл жобалар жасаудағы ысырапшылдықты жоюға көмектесуі мүмкін. Мұндай ұсыныс дұрыс ұсыныс болып табылады деп ойлаймын.

Қалаларды жобалаудағы және жоспарлаудағы елеулі кемшіліктерді жою керек. Біздің партия ұйымдарымыз, совет органдарымыз бұл маңызды іспен күнбе-күн шұғылдануға тиіс. Архитекторлардың жұ-

болады. **(Күлкі).** Міне, біз осы мейманханада санитариялық тораптардың өте нашар жасалғанын, мәнерлеу жұмыстарының сапасы төмен екенін көрдік. Біз мейманхананың директоры мен қаланың басшыларын шақырып алып оларға: көрдіңдер ме, қандай жаман істелген жұмыс!— дедік.

Сірә, оны салғанда тиісінше талаптар қойылмаған болса керек. Плитканың сапасы нашар және ол немқұрайды орнатылған. Санитариялық тораптардағы трубаларды тот басқан, оларды біздің келер алдымыздан асығыс бір сұр бояумен бояған болса керек, үйдің қабырғасын да трубалармен бірге бояп жіберген. Бұл трубалардың қоспалары өте нашар жасалған, мен, бұрын өзім слесарь болғандығымнан, бұған қатты ызаландым: тіпті революцияға дейінгі уақыттың өзінде де шахталардағы трубалардың қоспаларын Свердловскінің мейманханасындағыдан таза және жақсырақ жасайтын еді.

Сахалинде болғанымда мен, әскери адамдар үшін салынған мейманханада тұрдым. Мейманхананың үйі жақсы, бірақ ванна бөлмелері мен санитариялық тораптар мұнда да нашар өңделген. Қабырғаны қаптаған плитканың сапасы нашар және салақ орналастырылған.

Бұл және мұндай көп фактілерді құрылысшыларға ашып айтып, жұмыс сапасын батыл жақсартуды талап ету қажет. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің министрі Юдин жолдас және құрылыс материалдары өнеркәсібінің басқа қызметкерлері дандайсымай, жақсы құрылыс материалдары мен бөлшектерін жасайтын Чехословакиядағы достарымыздан үйренулері керек. **(Қолшапалақтау).** Бұл істе, үйдің қабырғасын қаптайтын жақсы плиталар жасайтын Герман Демократиялық Республикасынан да үйренуге болады. Турасын айту керек, кейбір жолдастар басқалардан аз үйренеді, әсіресе үйренуді тілемейді. **(Қолшапалақтау).**

Пайдалануға тапсырылатын үйлерде көп уақытта үнемі кем- кетік қалдырылады, мұның өзі онда тұратын адамдарға қолайсыздық туғызады.

Ағаш ұсташылық бұйымдарының сапасын жақсартуға ерекше көңіл бөлу қажет. Көп үйлерде терезенің шеңберлері мен есіктері нашар жасалған. Ал өздеріңізге мәлім, үйге кірген адам ең алдымен есікке қарайды — оның қалай жабылатынын, саңылаудың бар- жоқтығын, оның қалай боялғанын байқайды. Сол сияқты ол терезелердің қалай істелгенін, ондағы тұтқа-топсалардың қандай екенін көреді. Өңдеу жұмыстарының сапасын арттыру үшін біз қажырлылықпен үнемі күрес жүргізуге тиістіміз. Тұрғын үйлерде сатылар жақсы өңделуге тиіс.

Линолеум жасауды кеңінен ұлғайту керек. Линолеуммен қапталған едендер паркетті едендерден қалыспайды, олар неғұрлым таза және сәнді келеді. Мұндай едендердің күтімі паркетті едендердің күтімінен оңай. Паркетті едендерді ысу керек болатыны жұртқа мәлім. Мұның өзі қиын жұмыс және қосымша қаржы жұмсауды керек етеді: Әйелдердің еңбегін қадірлеп, мүмкіндігінше жеңілдету керек.

Бізде көп ретте ас үйдің мебелі нашар жасалады. Мұның нашар жасалуы, біздің оны жақсы жасауды білмейтіндігімізден емес, бұйымның сапасына тиісті талап қоймайтындығымыздан: кептірілмеген ағаш материалын қолданамыз, нашар сырлаймыз. Бұл кемшіліктерді жою керек. Сол сияқты мектептерге, ауруханаларға, пәтерлерге керекті жақсы мебель жасауды кең өрістету қажет.

Үйлердің сыртқы қабырғаларын өңдеу үшін ең жақсы материал — керамика. Үй қабырғасын қаптайтын керамика ұзаққа төзеді, әдемі келеді және пайдалану уақыты бойына өзінің түсін өзгертпейді. Мұндағы кеңесте жартылай құрғақ преcстеу пресінің конструкторы Мелья жолдас, әртүрлі көлемді және әртүсті арзан керамика бұйымдар жасап шығаратын престің жұмысын хабарлады. Архитекторлар бұл материалмен танысып, Мелья жолдаспен бірге үйдің қабырғасын қаптайтын керамика материалдардың жаңа түрлерін жасау жолында қызмет етулері керек.

Құрылыстың сапасын арттыру міндеттері құрылыс материалдары өнеркәсібінің министрлігіне, құрылыс материалдарын жасайтын кәсіпорындардың басшыларына қатаң талаптар қоюды керек етеді. Жақсы сапалы материалдардың болуы құрылысты арзандатып, оның сапасын арттыруға жағдай туғызады.

Құрылыс жұмыстарының сапасының төмен болуына көп ретте қалаларда құрылысты тоқтатуға, нашар құрылысқа себеп болады. Бұған байланысты Мемлекеттік архитектура- құрылыс бақылауы органдарының жұмысын жақсарту туралы мәселені алға қою қажет. Бұл жөнінде әртүрлі пікірлер айтылып келеді. Жолдастар, Мемлекеттік архитектура- құрылыс бақылауының қызметкерлеріне құрылысты тоқтатуға, нашар құрылысқа айыптыларды қатаң жазалауға, жұмыстың сапасына жауаптылықты күшейтуге және басқа сондай шараларды қолдануға право беруді ұсынады. Бұл ұсыныстарды зерттеп, нашар құрылысшыларға әсер етудің әртүрлі шараларын белгілеу қажет болатын шығар. Құрылысшылардың келешекте үйлерді берік және жақсы етіп

№ 1 (1945 жыл) жыйнағында жарияланған «Совет архитектурасының көркемдік проблемалары» деген мақалада былай деп жазды:

«Архитектура халықтың эстетикалық тілектерін қанағаттандыруға қызмет етеді... Көлемді архитектуралық шығармалар жасау тікелей практикалық қажеттілікпен байланысты емес құрылыс көлемдерін (портиктер, монументалдық залдар, мұнаралар) керек етеді... Затында, бірде-бір қалада, егер оның әсем болғысы келсе, биік композицияларсыз құрылыстар салуға болмайды».

Профессор А. В. Бунин сол жыйнақта басылған «Қалалар салу ісінің мұраларын соғыстан кейінгі қалпына келтіру құрылыстарында пайдалану мәселесі жайында» деген мақалада былай дейді:

«Қаланы әсемдеу үшін утилитарлық (практикалық) жағынан ақталмаған тұтас үйлер, атап айтқанда, күмбезді үйлер мен мұнаралар болуы қажет... Совет қаласы көп қабатты үйлер салу жағынан кризиске ұшырап отыр... Қоғамдық үйлері, мұнаралары және күмбезді құрылыстары болатын қаланың орталықтары қандай да болса стандартқа айналдырылмай, жеке-жеке шешілуге тиіс».

Мұндай пікірлерді көптеп келтіруге болады.

Архитектураның басшы қайраткерлері көркемдік жағын үнемі атап көрсетіп, тұрғын үйлер мен басқа құрылыстардың үнемділігі және қолайлылығы туралы [illegible] айтып келеді. Құрылыстың бүгінгі таңдағы маңызды міндеттерінен архитектураның мұндай қол үзуіне қарсы біздің күрес жүргізетініміз айқын.

Кейбір архитекторлар өздерінің теріс нұсқауларын және жобалау ісіндегі ысырапқорлықты конструктивизмге қарсы күресу қажет деген сылтаумен ақтауға тырысып жүр. Бірақ конструктивизмге қарсы күресу деген желеуді бетке ұстап, мемлекет қаржысының ысырап етілуіне жол берілуде.

Конструктивизм деген не? Бұл бағытты, атап айтқанда, Үлкен Советтік Энциклопедия былай деп анықтайды: «конструктивизм... суреткерлік творчествоның орнына «конструкцияны анықтаумен» (конструктивизм деп аталуы да осыдан) жалаң техницизммен шұғылданады. Функционалдық, конструктивтік жағынан «пайдалылығы», «тиімділігі» туралы талаптар қойып, конструктивистер іс жүзінде форманы мазмұнынан ажыратып, форманы эстеттікпен тамашалайтын болды... Ал көркемдікке жат: ең жаңа буржуазиялық архитектураға тән болып отырған ұсқынсыз «қорап тәрізді стиль» осының салдары болды... Конструктивизм көріністері партияның бірқатар нұсқаулары мен қаулыларында қатты сыналды...» (Үлкен Советтік Энциклопедия, 1953 ж., 22 том, 437 бет).

Конструктивизмді анықтайтын белгілер, әрине, мұнымен бітпейді. Бірақ конструктивизмге қарсы күресу туралы дауырпалы сөздерді бетке ұстап, іс жүзінде үйлерді ішкі жағынан жоспарлаудың және пайдаланудың қолайлы болғын [illegible]

мүдделері үшін жұмыс істейтін адамдарды қолдап отыру керек.

Жолдастар! Архитекторлардың арасында, оның ішінде Архитектура академиясында да кейбір архитекторлардың қате бағдарына белсене қарсы шыққан көптеген жолдастардың бар екенін айту керек, бірақ олардың білдірген қарсы пікірлерімен санаспады. Сіз, Мордвинов жолдас, және сіздің төңірегіңіздегі адамдар архитектурадағы орынсыз әсемдеушілік пен бутафорияға қарсы шыққан дауысты тұншықтырып бақтыңыздар. **(Қолшапалақтау).**

Осы кеңесте архитектор Градов жолдастың мазмұнды сөзі зор ынтамен тыңдалды. Совет архитектурасының міндеттері туралы айтқанда Градов жолдас және кейбір басқа жолдастар архитектурадағы формалистік бұрмалаушылықтар мен еңбарлықты жою қажеттігін әбден дұрыс көрсетті. Олар классикалық мұраны сын көзбен қарап пайдалану қажеттігі туралы, архитектураның қоғамымыздың ең көкейтесті қажеттеріне бағындырылуға тиісті екені туралы айтты, ал бұл үшін архитектураны қазіргі заманғы техникамен және барлық буындардағы құрылыспен тығызырақ байланыстыру керек, архитектурада творчестволық инициативаны, жаңашылдықты кеңінен өрістетіп, монополизм мен сынға қысым жасау белгілерінің қандайын болса да жою керек. Бұл қорытындылармен және ұсыныстармен келіспеуге болмайды.

Осы кеңеске әзірлік кезінде Градов жолдас партияның Орталық Комитетіне хат жазып, онда архитектура мәселелері жөніндегі өзінің сын ескертпелерін баяндады. Ал Мордвинов жолдас бұл сынға қалай қарады? Ол Градов жолдасқа осы кеңесте сөйлеуге мүмкіндік бермеу үшін барлық шараларды қолданды. Бұл факті Архитектура академиясында творчестволық мәселелер жөнінен еркін пікір алысу үшін, сынды өрістету үшін жағдай жасалмағанын дәлелдейді.

Мұнымен бірге, құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеттің Архитектура академиясының жұмысына нашар басшылық ететінін, типті жобалар жасау, қалаларды салуды жоспарлау және салу ісінің жайына аз көңіл бөлетінін айту қажет.

Кейбір архитекторлардың жобаларды жасауда қате әдіс қолдануы мен үйлерді архитектуралық жағынан зейнеттеудегі ысырапшылдық, амал қанша, өте көп тарап отыр.

Осыған байланысты Свердловск қаласында болғаннан кейін біздің алған әсеріміз туралы айтып өткім келеді. Свердловск — үлкен және жақсы қала, бұл қаланың бейнесінен Совет Одағының қуатын көресің. Онда жақсы машиналар шығаратын ірі заводтар бар. Бірақ қалалық құрылыста және осы ірі орталықты көркейту ісінде үлкен тәртіпсіздіктер бар. Мысалы, қалалық атқару комитетінің үйін қайта салғанда үйдің орталық бөлегінің үстіне ұшар басы сүйірленіп келген мұнара салынған. Мұнараның жалғыз осы ұшар басын салуға ғана 2 миллионың алдында болған губернатордың салған құрылыстарының бәрін қыйратып бүлдірген еді. Орыстың ұлы сатириті Щедрин сықақ еткен дағдылар бізде әлі де кейбір жерлерде бар көрінеді! **(Қолшапалақтау).**

Құрылысты қайта салуға деген осындай зиянды құмарлық мемлекетке қымбатқа түсіп жүр. Өзіне тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімінен айрылған қызметкерлер ғана осылай істейді. Булганин және Микоян жолдастармен бірге біз Свердловскінің басшыларын, егер олар бұдан былай да осылай істеп, қажетсіз қайта құрылыстар жүргізетін болса, олардың жазаланатынын ескерттік.

Емдеу және мәдени-тұрмыстық мақсаттарға арналған үйлерді салғанда көп ысырапқа жол беріледі. 1953 жылы Сочиде Кеме жасау өнеркәсіп министрлігі санаторийінің құрылысы аяқталды. Осы министрліктің қызметкерлері мен Сочи қалалық Советі атқару комитетінің председателіне үйдің алдыңғы жағы өте көрiксіз болып көрінді. Үйдің салынып біткен алдыңғы жағын қайта салуға ұсыныс жасалды. Бұл мақсатқа 800 мың сом бөлінді. Ал бұл қаржыға екі бөлмелі 20 пәтері бар үй салуға болар еді.

Жергілікті жерлердегі ысырапшылдық және толып жатқан, әрі қымбатқа түсетін қайта жасау жұмыстары көп ретте архитекторлардың кеңесімен жүргізіледі деп санауға негіз бар. Егер істің мәнісіне көз жіберіп қарасақ, РСФСР Министрлер Советі жанындағы архитектура істері жөніндегі басқарманың жұмысындағы бағыт нақ осындай болды. Бұл басқарма 1953 жылы Россия Федерациясының қалалары мен жұмысшы поселкелерінде салынған ең жақсы үйлерге конкурс өткізді. Ал қандай құрылыстарға сыйлықтар берілді десеңізші?

Москва облысының Ватутенка поселкесінде балалар бақшасының үйі салынды. Оның көлемін мөлшерден тыс ұлғайтудың салдарынан норма бойынша бір орынға тиісті 24 текшеметрдің орнына, бір орынға 91,9 текшеметрден келеді.

тердің себептерінің бірі мынада: оларға көп реттерде жергілікті партия және совет ұйымдарының тарапынан бақылау жасалмады және көмек көрсетілмеді. Қалалар мен поселкелерді салу және көркейту ісі үшін жергілікті органдардың жауапкершілігін арттыру керек.

Совет Одағының қалаларын салуды жоспарлаудың жобалары соңғы уақытқа дейін одақтық үкіметтің бекітуіне тапсырылып келді. Мұндай жағдайда жобаларды бекіту ұзақ жылдарға созылды. Атап айтқанда, мынадай мысал келтіруге болады. Соғыстан кейін Киевте қаланың орталығында құрылыстар салудың жобасы жасалды. Бұл жобаны Киевтен Москваға және Москвадан Киевке талай рет тасыды. Крещатикте құрылыстар қазірдің өзінде салынып бітуге жуық, ал жоба әлі күнге бекітілген жоқ. Мұндай жағдай нөкенсаяқ емес. Біздің пікірімізше, жергілікті органдарға правоны көбірек беріп, қалаларда құрылыс салудың жобаларын бекіту тәртібін қайта қарау қажет сияқты. **(Қолшапалақтау).** Жергілікті жерлерде кадрлардың өскенін ескеру керек, іс дұрыс ұйымдастырылатын болса, олар бұл мәселелерді әбден дұрыс шеше алады. Іске бұлай қарау жергілікті басшылардың жауапкершілігін арттырып, инициатива туғызады.

Екінші жағынан, бізде Свердловск қаласында көргеніміз сияқты тәртіпсіздіктердің болмауы үшін, тегі, құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеттен жергілікті жерлерде осы жұмыстардың жүргізілуіне бақылау жасауды күшейтуді талап ету дұрыс болады.

Егер біз типті жобалар жасау ісін шын мәнісінде ұйымдастырып, архитекторлар мен конструкторлардың жұмысын батыл жақсартсақ, экономика мәселелеріне назар аударып, біздің жергілікті органдарымыздың жауапкершілігін арттырсақ және олардың инициативасын күшейте түссек, құрылыс ісінде, оның құнын арзандатып, сапасын жақсартуда жаңадан зор табыстарға жететіндігіміз сөзсіз.

## Құрылыстың сапасын арттыру— құрылысшылардың аса маңызды міндеті

Жолдастар! Құрылыстың сапасын арттыру мәселелері ерекше көңіл бөлуді керек етеді. Біз үйлерді тек шапшаң ғана емес, мұнымен бірге жақсы, берік етіп салуға тиістіміз. Өзіміздің құрылысшылық беделімізді қадірлеуге тиістіміз. Үйлер адамның тұруына және пайдалануына қолайлы болуы керек. Нашар салынған үйлер көп ұзамай қайтадан жөндеуді керек етеді, ал бұған қосымша қаржы жұмсауға тура келеді. Құрылыстың неше алуан түрінің бәрінде де осындай.

Ең алдымен тұрғын үйлер құрылысының сапасы туралы айтқым келеді. Біз үйлердің қабырғаларын және төбелерін жақсылап жасаймыз ба? Меніңше, біз өте жақсы жасаймыз. Тұрғын үйлерде, мектептерде, мейманханаларда және басқаларында үйдің қабырғалары мен төбелері жүздеген жылға төзетіндей етіп жасалады. Біз бұған күмәнданбаймыз, өйткені құрылыста темірбетон кеңінен қолданылады. Бірақ үйлердің көбінесе нашар әрленетінін турасынан айту қажет. Ол түгіл, көптеген қызметкерлер үйлерді әрлеу жұмысының көрiне салақ, нашар жүргізілуіне төзіп отыра береді. Кеңесте көптеген жолдастардың бұл туралы айтқандары өте орынды.

Жақын арада біз Булганин және Микоян жолдастармен бірге Қыйыр Шығыстың, Сибирьдің және Оралдың көптеген қалаларында болдық. Онда бізді жақсы қабылдады. Мұның өзі түсінікті де: қонақтар талғаушыл адамдар ғой, олардың сынауы, тіпті онан да қаттырақ кетуі мүмкін. Сондықтан бізге жақсы жағдай туғызуға тырысты. **(Күлкі, қолшапалақтау).** Свердловск қаласында біз мейманханада тұрдық. Мейманхана мықты, берік жасалған. Бізді жаман номерлерге орналастырмаған шығар деп ойлауымызға

[illegible] дыбыс өткізбеу жабдықтарының сапасын жақсарту жөнінде көп жұмыс істеу керек болады. Әсіресе, пәтерлердің аралығын дыбыс өткізбейтін етіп жасау" жұмысымен шұғылдану қажет. Мұның өзі мінсіз етіп жасалуға тиіс. Бұл ретте пәтерлердің аралығындағы бөлгіштер және үйдің қабаттары арасындағы төбелер дыбыс өткізбеу талаптарына сай келетін болу керек.

Үйлердің еденін төсеу жұмыстарында көп кемшіліктер бар. Паркетті едендерді мастика үстіне салады, бірақ көп уақытта қолданылатын мастиканың сапасы қанағаттанғысыз болады, ол паркет астынан байқалып тұрады. Паркетті нашар орналастырады. Паркетті едендер жасау жұмыстарының сапасын жақсарту қажет.

шыларға қойылатын талапты күшейту қажет. Біз мұны істейтін болармыз деп ойлаймыз.

Өнеркәсіп, тұрғын үйлер құрылысында болсын немесе қандай да болса басқа құрылыста болсын, барлық құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру — зор мемлекеттік маңызы бар іс. Министрліктердің басшыларынан бастап әрбір жұмысшыға дейін, құрылысшылардың өздері де, сол сияқты барлық жергілікті партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары да жұмыстардың сапасының жоғары болуына қамқорлық жасауға тиіс. Мұндай үнемі және жаппай бақылап отырғанда құрылыстың сапасы халқымыздың жоғары талаптарына сай дәрежеге жеткізіледі.

## Құрылысты жоспарлау және оның экономикасының кейбір мәселелері туралы

Кеңесте сөйлегендердің көпшілігі құрылысты жоспарлауда елеулі кемшіліктер бар екенін, қаржының көптеген объектілерге батыратылатынын, құрылыс жұмыстарының мерзімі ұзаққа созылатынын, құрылыс материалдарымен қанағаттанғысыз жабдықталатынын, мұның өзі құрылыстың қымбатқа түсуіне кездестіретінін айтты.

Қаржының көптеген объектілерге бытыратылуы іске зор зиян келтіреді. Кеңесте аталған құрылыстардан тысқары тағы да кейбір «сақалды» құрылыстарды атағым келеді. Қатынас жолдары министрлігі Аскиз —Абаза темір жолын 1940 жылдан бері салып келеді. Бұл құрылыстың құны 74 миллион сом. 13 жылдың ішінде оған бөлінген барлық қаржының 64 проценті жұмсалды. 1955 жылы 5 миллион сом қаржы жұмсауға жоспарланды. Бұлайша жоспарлап отырғанда бұл жолдың құрылысы 19 жылға созылады.

Өзен флотының министрлігі Ярославль облысында бір верфьті 1949 жылдан бері салып келеді. Құрылыстың құны 50 миллион сомдай, бес жылдың ішінде 10 миллион сомдай қаржы жұмсалды. 1955 жылы бұл құрылысқа 3 миллион сом қаржы жұмсауға жоспарланды. Мұндай қарқынмен жүргізілгенде құрылыс не барлығы 20 жылға дейін уақытқа созылады. Құрылысты мұндай шабан жүргізіп, ақшаны мұндай ысырап етіп жұмсауға бола ма? Мұндай практиканы біржолата жою керек, жолдастар!

Егер бұл құрылыстар керек болса, онда бұларды ондаған жылдарға созбай, неғұрлым қысқа мерзімдерде салып бітірейік.

Салынып жатқан электршамы заводының басшылары Скришкин мен Нестеров жолдастардан, № 13 құрылыс тресінің жоспарлау бөлімінің бастығы Блюм жолдастан СОКП Орталық Комитетіне келген хатты оқуға рұқсат етіңіз. Олар міне былай деп жазады.

«№ 13 құрылыс тресі бірсыпыра жылдар бойына 10 ірі-ірі құрылыстардағы жұмыстарды атқарып келеді. Әрбір құрылыстың құны ондаған миллион сом. Жыл сайын, оның ішінде 1954 жылға да, әрбір құрылыста 11-ден 40-қа дейін құрылыс объектілері жоспарланады. Жұмыс бір жолы жүзден астам объектілерде жүргізіледі. Тресте небәрі 900 жұмысшы бар. Әрбір объектіге орта есеппен, 10—15 адамнан келеді. Кейбір объектілер зор өндірістік корпустар, котел орнататын үйлер және тұрғын үйлер болып табылады.

Мұндай бытыраңқылықтың себебі — заказ беруші министрліктердің бәрі жылдық жоспарға объектілер мен қаржыны неғұрлым көп енгізеді, ал құрылыс ұйымдарының мүмкіндігімен есептеспейді.

Бекітілген титулдік тізімдері бар қаржымен қамтамасыз етілген заводтар құрылыс жұмыстарын барлық объектілерде жүргізуді талап етеді. Бұл талаптар министрліктердің телеграммалары және бұйрықтары бойынша дәлелденеді. Сондықтан құрылыс ұйымы амалсыздан әдіс қолдануға, жұмыстарды барлық объектілерде бір жолы жүргізуге, бұл жұмыстарды кезек-кезек, біресе бір завод, біресе екінші завод бойынша тездетіп отыруға тиісті болады. Мұның салдарынан, жоспарға енгізілген объектілердің көпшілігі пайдалануға тапсырылмайды, мұның өзі заводтардың іске қосылуын кідіртеді.

Көптеген объектілерде бірыңғай жұмыстарды бір мезгілде атқару қыйыншылықтар туғызады, сондықтан 1951 жылдың өзінде салына бастаған және екі жылдың ішінде салып бітіруге мүмкіндігі бар заводтардың көпшілігі міне 5—7 жыл бойына салынумен келеді. Құрылысқа жұмсалған қаржы өлі капитал болып отыр. Өндірістік алаңдардың мезгілінде тапсырылмауы себепті нешеме жылдар бойына монтаждалмай, заказчиктің қоймаларында жатқан жабдықтардың запасы есебінен көптеген қаржы пайдасыз жатады. Материалдармен жабдықтау жайының қыйындығы жұмысшылар мен механизмдерді пайдалану жағдайын нашарлатады. Жұмыстардың сапасы төмендейді.

(Соңы 4-бетте)

# Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың сөзінің соңы

(Соңы. Басы 1-2-3-беттерде)

Құрылыс-монтаж жұмыстарын бір жолы бірсыпыра ірі заводтар бойынша жүргізуді жоспарлау практикасын тоқтату қажет. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті құрылыс жұмыстарының программасын жоспар бойынша заказчик-министрліктер мен мердігер-министрліктерге бөлгенде, берілген қаржыны көп құрылыстарға бөліп бытырату принципін емес, шоғырландырып жұмсау принципін басшылыққа алып бөлуге міндетті».

Бұл хатта айтылған сын ескертпелер және хаттың авторларының қорытындылары өте дұрыс. Хатта айтылған кемшіліктер көптеген қалалар мен көптеген министрліктерде болып келеді. Құрылысқа бөлінген қаржыны мұндай бытыратуды тоқтату қажет.

Бұл кемшіліктерге қарсы қалай күресу керек? Қаржының бытыратылуына карсы күресті ең алдымен министрлер және барлық ведомстволардың басшылары жүргізуге тиіс. Бұл іске ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті де ерекше көңіл бөлуге міндетті. Мүмкін, штаттарды көбейтпейінше, инспекторлық бақылау ұйымдастырып, мұны жүзеге асыруды, мәлімет жиыннап қана отырмай, мұнымен бірге құрылысқа берілетін қаржының пайдаланылуын, титулдік тізімдердің дұрыс жасалуын, мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтірілмеуін тексеретін қызметкерлерге тапсыру қажет болар.

Ең басты міндет —тәртіпті бұлжытпай орындау қажет: жобасыз, сметасыз, жұмыс чертеждерінсіз құрылысты бастамайтын болу керек. **(Қолшапалақтау).** Ал қазір іс жүзінде қалай болып отыр? Құрылыс туралы қарар қабылданысымен құрылысты бастадық деген рапорт жөнелтіледі. Ал шынында оның тіпті жобасы да жоқ. Құрылыс басталғанға дейін алаңды жақсы әзірлеу, жолдар салу, сумен, электр қуатымен жабдықтауды қамтамасыз ету толық жобаны алу қажет екені мәлім. Бұл тәртіптің орындалуын кім бақылауға тиіс? Мемлекеттік жоспарлау комитеті. Бірақ бұл жұмыс оның бір өзіне қиынға соғады. Мұнымен заказчик-министрлер мен құрылысшы-министрлер де шұғылдануға тиіс. Құрылысты жоспарлағанда, құрылыс ұйымдарының және құрылыс өнеркәсібінің өндірістік қуаты мен мүмкіндіктерін және керектерін есепке алу қажет. Күрделі құрылысқа қаржыны тек құрылыс жобалары болғанда ғана бөлетін болу керек. Министрліктер мен ведомстволар, сол сияқты Мемлекеттік жоспарлау комитеті құрылысты жоспарлауды жақсартуға тиіс.

Жоспарлаушы және жабдықтаушы ұйымдарда жұмыс істейтін жолдастарымыз кейде, өздерінің жасаған есептеріндегі болмашы қатенің өзі де мемлекетке сан миллионға түсуі мүмкін екенін ұмытады.

Құрылыстардың кей кездерде металды және басқа материалдарды өздеріне керегінше түр-түрінен ала алмауынан біз көп зиян көреміз. Бұл жерде екі мысал

масы аз сияқты —небәрі бір миллиметр, мұның үшін дауласудың қажеті бар ма. Ал істің шынында, Құрылыс министрлігіне қараған құрылыстардың небәрі бір бөлегінде 1953 жылы бұл миллиметрдің есебіне 4.800 тонна металл артық жұмсалды. Бұл енді үлкен цифр, оның үшін Мемлекеттік жоспарлау комитеті күшті күрес жүргізіп отыр және онысы дұрыс та. Міне, жолдастар, бұл миллиметр қайшаға түседі!

Мұнай проводтары құрылысының жоғарғы басқармасына қараған құрылыстарда жасалған жобалар жұқа қапталды мұнай проводы трубаларын қолдануды көздейді. Іс жүзінде өнеркәсіп қалың қапталды трубалар жасап беріп келді. Сондықтан 1953 жылы бұл басқармаға қараған құрылыстардың өзінде 3.400 тонна металл артық жұмсалды, мұның өзі жұмыстардың құнын 3 миллион 260 мың сом қымбаттатты.

Металды және басқа құрылыс материалдарын мұндай ысрап етуге жол берілмеуге тиіс екені айқын.

Министрліктер мен ведомстволар, құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитет, Мемлекеттік жоспарлау комитеті және Финанс министрлігі құрылыс экономикасының мәселелерімен нашар шұғылданатынын айту қажет.

Бұл кеңесте сөйлеген Ионас жолдас және басқа жолдастар қазіргі уақытта құрылыста мынадай жағдай туғанын айтты: смета маңызын жойды, сондықтан іс жүзінде, орындалған жұмыстардың сметалық құны неғұрлым жоғары болса, жоспарды орындаудың көрсеткіштері солғұрлым жақсы болады, жалақы мен үстеме шығындар қорлары көп болады. Сол себепті де құрылысшылар көбінесе қымбатқа түсетін жұмыстарды орындауға тырысады.

Соңғы жылдарда құрылыс техникасы, құрылыс жұмыстарын механикаландыру, еңбекті ұйымдастыру, құрылыс материалдары және құрылыс конструкциялары едәуір өзгерді, ал қаржыландыру тәртібі, құрылысқа берілетін нормалар, құрылыс ұйымдарының мердігерлік жұмысына байланысты әртүрлі ережелер мен нұсқаулар өзгермей, 1936 және 1938 жылдардағы түрінде қалып қойды. Мұның бәрі құрылыс ісінің өркендеуіне зардабын тигізеді. Құрылысшылардың 1935 жылғы Бүкілодақтық кеңесінен кейінгідей құрылысты қаржыландыруды тәртіптеу шараларын белгілеп жүзеге асыру керек болатын шығар.

Құрылысты жоспарлау және оның экономика мәселелері үнемі және терең зерттеп отыруды керек етеді. Құрылысшылардың өздері құрылысқа күнбе-күн экономикалық талдау жасап, жоспарлау практикасын жақсарту жөнінде нақтылы ұсыныстар енгізіп отыратын болу керек. Мұнымен қатар, министрліктер мен ведомстволарға тәуелді болмайтын бір топ қызметкерлерге, мүмкін Мемлекеттік банктегі қызметкерлерге **(залда қозғалыс)**, құрылыс экономикасының мәселелерімен

жалақыны өсіретін біздің резервтеріміз осында болып отыр!

Еңбек өнімділігін арттырудың аса маңызды шарттарының бірі жұмысшыларды бір жұмысқа бейімдеу, олардың мамандығын арттыру болып табылады. Бұл мәселе жұмысшылардың тұрақты кадрларын жасау міндетімен тығыз байланысты. Құрылыстарда жұмысшы күшінің тұрақсыздығы төзгісіз күшті болып отыр. Бұлай болып отырған себебі сол, көптеген құрылыстарда жаңа жұмысшыларды үйрету ісі шын мәнінде ұйымдастырылмаған. Ешқандай мамандығы жоқ колхозшы құрылысқа келеді де, оның жай жұмысшылар қатарына қосыла салатыны жұртқа мәлім. Міне осы адам жай жұмысшы ретінде жұмыс істей береді, оның жұмыс өнімі нашар, мамандығы жоқ, табысы аз болады. Ол маңайына қарай бастайды, сол мезетте оған жолдастары келіп, былай дейді: сен айтқан ақылды ал да, бұл жұмысты тастап заводқа бар, заводта жарты жылдан кейін мамандық аласың. Разряд, ал мүмкін, тіпті пәтер де аласың. Сонда ол біраз уақыт аялдап тұрады да, басқа жаққа кетіп қалады. Жарты жылдан кейін ол заводта мамандық алып, құрылыс алаңындағыдан екі-үш есе артық табыс табады. Дұрыс емес пе? **(Орыннан дауыс: Дұрыс).** Маман жұмысшылар—экскаваторшылар, шоферлер, бетоншылар, монтаждаушылар, кірпіш қалаушылар құрылыстардан кетпейді. Олардың мамандығы бар, олар мамандығы бойынша жұмыс істеп, жұмыс нормаларын орындайды, табысы да жаман емес.

Егер әрбір құрылысшының қайсыбір мамандықты жақсы меңгеруіне көмек көрсетілсе, техниканың қуатын өнімді пайдалана білетін маман жұмысшы болуына көмек көрсетілсе, онда ол өз ісін жақсы көріп, «Мен құрылысшымын!» деп мақтаныш сезіммен айтқан болар еді. Амал қанша, біздің құрылыстарымызда жаңа жұмысшыларға қамқорлық әлі де аз болып отыр. Совет Одағында жұмыссыздық жоқ, сондықтан да жұмысшының жұмысқа орналасуына ешқандай қиыншылық тумайды. Жұмысшыларды құрылыста орнықтыру үшін оларды үйретіп, қайсыбір мамандықты меңгеруіне көмектесу керек.

Мұнымен бірге біздің жалақыны тәртіптеуге, көбірек көңіл бөлуіміз керек, бұл даусыз, жолдастар. Әрбір дерлік ведомствода көптеген тариф сеткаларының қолданылып отырғанын дұрыс деуге болмайды ғой. Бұл туралы шығып сөйлеушілер әділ айтты. Әртүрлі ведомстволарда жұмыс істейтін құрылысшылардың еңбегіне ақы төлеуді тәртіпке келтіру туралы ұсыныстарды қолдауға әбден болады. Белгілі бір қалада белгілі бір мамандықтағы және кәсіптегі құрылысшылардың әртүрлі расценкалары бар әртүрлі ведомстволардың құрылыстарында жұмыс істейтіндігінен ғана әртүрлі жалақы алып отырғаны сияқты қолайсыз жағдайды жою керек. Мұның тағы бір себебі, сірә, мынадан болса керек: көптеген шаруашылық басшылары жеке аймақтардың ерекшеліктері еске

Қазір елде көптеген жас адамдар бар, олар, онжылдықты бітіргеннен кейін, жоғары оқу орнына түспей-ақ тура өндіріске баруда. Мұның өзі дұрыс және әбден заңды жағдай. Сондықтан жастар үшін курстар ұйымдастырып, оларға мамандық беріп, олардан орта дәрежелі, тіпті мен айтар едім, жоғары дәрежелі мамандар кадрларын даярлап шығару керек.

Біз мамандар кадрларын өндірістен қол үзбей даярлау ісін жақсартуды барынша қолға алуға тиіспіз. Сырттан оқитын және кешкі орта дәрежелі арнаулы оқу орындарын ғана емес, сонымен бірге жоғары оқу орындарын да ұлғайтып, олардың жұмысын жақсартуға көбірек көңіл бөлу керек. Мұның өзі бүкіл халық шаруашылығына зор пайда келтіреді. Егер Жоғары білім министрлігі жоғары оқу орындарының бірінші курсына қанша студенттер алынып, солардың қаншасы жоғары оқу орындарын бітіріп отырғанына қазір талдау жасайтын болса, ол едәуір адамның жоғары мектептен шығып қалғанын көрген болар еді. Мұның үстіне, жоғары оқу орындарын бітіргендердің бәрі бірдей өз мамандығы бойынша жұмыс істемей отыр. Жоғары оқу орындарының пайдалы жұмыс коэфициенті, егер мұны осылай деп айтатын болсақ, кейбір жоғары оқу орындарында жоғары болмай отыр.

Екінші жағынан, ірі заводтардың қасында жұмыс істейтін жоғары және орта оқу орындары да немесе олардың бөлімшелері де мамандығы жоғары, бірақ өндірістен қол үзбей даярланған және өздерінің кәсіпорнында онан әрі жұмыс істейтін мамандар кадрларын даярлап беруде. Мысалы, Сталин атындағы Автомобиль заводының өз институты бар. Мұнда өндірістен қол үзбей көптеген жұмысшылар оқиды. Бұл институтта жұмысшы коллективінен студенттер өте жақсы іріктеліп алынды. Заводқа келген жұмысшы өз кәсіпорны мен өз мамандығын жақсы көреді. Орта білімі бар бұл жұмысшы кешкі курстарда, училищеде немесе кешкі институтта оқуға зор ынтасымен барады, бұларды бітіріп, техниктің немесе инженердің атағын алады да, заводта қайтадан жұмыс істей бастайды. Мұндағы айырмашылық мынау ғана: қатардағы жұмысшы немесе мастер кезінде оқый бастаған бұл адам оқуды бітіргеннен кейін мастер, техник немесе инженер, ал кейде тіпті цехтың бастығы болып шығады.

Біздің ойымызша, қазіргі орта және жоғары оқу орындарында мамандар даярлау ісін жақсартумен қатар құрылыстарда жұмыс істейтін, инженер-техник қызметкерлерінің міндетін атқаратын және участоктер мен құрылыстарға басшылық ететін практиктер арасынан мамандар даярлауды кеңінен өрістету керек. Бұл категориядағы қызметкерлерді даярлау жұмысын өндірістен қол үзбей, сондай-ақ өндірістен қол үзу жолымен де ұйымдастыру керек. Мамандарды өндірістен қол үзбей даярлаудың неғұрлым ұзаққа созылуы мүмкін, бірақ бұл жолдың артықшылығы

Қазақстанда да қамыс өте көп—мұндағы қамыс елде өсетін барлық қамыстың 70 процентіне жетеді. Қазақстандағы тың жерлер игеріліп жатқан аудандарды аралаған кезде біз республиканың басшыларымен қамысты пайдалану туралы мәселе талқыладық. Пономаренко, Брежнев, Тайбеков жолдастар және Қазақстанның басқа да басшылары қамыстан плита жасауды білетін мамандарды тауып, қамыс қолданылатын ауылшаруашылық құрылыстарын салуға кірісті.

Өзбекстанда, Түркменстанда және Украинада—Днестр алқаптарында, Бутте, Дунайда қамыс өте көп. Қамыстан әртүрлі ауылшаруашылық құрылыстарын, тіпті үйлер салуға болады, тамаша нәрселер жасауға болады, бірақ қамыс осы уақытқа дейін шын мәнісінде пайдаланылмай келеді. Бұған назар аудару қажет!

Село құрылысында ең алуан түрлі жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдалану керек. Каркасты үйлер салған кезде каркас арасына толтырылатын материал ретінде әртүрлі жергілікті материалдарды пайдалануға болады. Москвадағы Хохлов ағаш өңдеу заводында сабан мен жоңқадан тақтай жасайтын ыңғайлы қабдықтар бар. Осындай тақтайдан салынған қосқабатты қабырғаның суықтан жақсы сақтайтынын практика көрсетіп отыр. Міне осындай жабдықтар жасауды қолға қойып, село құрылысы үшін сабан мен жоңқадан тақтайлар жасап шығаруды ұйымдастыру керек.

Колхоз үйлерін салуға, селоларды, деревняларды, қыстақтарды, ауылдарды көркейтуге мейлінше назар аудару керек. Адамдар әлі кедей болған кезде, олардың жақсы тұрғын үйлер салатын, өз тұрмысын көркейтетін мүмкіндіктері болмады. Ал қазір жағдай басқаша. Озат колхоздар өз шаруашылығын өрге бастыру нәтижесінде зор табыстарға ие болып, колхозшының еңбеккүндеріне мол ақы төлеп отыр. Ал оның бер жағында көптеген колхозшылардың тұрғын үйлері нашар.

Колхозшылардың өскелең мәдени тілектеріне сай келетіндей тұрғын үйлер салу керек. Қазіргі уақытта көптеген колхоздар мен колхозшылардың жаңа үйлер салуға керекті қаржысы бар, бірақ олар қажетті құрылыс материалдарын сатып ала алмайды, өйткені мұндай материалдар жеткіліксіз өндірілуде.

Жолдастар, мұндай жағдайды өзгертуге зер салатын болайық. Өздерінің мүмкіндіктері бар колхоздар мен колхозшылар өндірістік құрылыстарды, мәдени-тұрмыс үйлері мен тұрғын үйлерді мүмкіндігінше көбірек салып, оларды мүмкіндігінше жақсы салатын болсын. Адамдарды құрылыстар салуға итермелеп, олардың бұл жұмысына көмектесу керек **(Қолшапалақтау).** Ал селода құрылысты ойдағыдай алға бастыру үшін село құрылысына керекті құрылыс материалдарын өндіру жұмысын да жолға қою керек.

Бұл мақсат үшін республикалық және облыстық органдары өздерінің жергілікті

ның нәтижесі. Біздің барлық табыстарымыз—совет халқының құрыштай берік топтасқандығының, коммунизмнің ұлы ісіне оның берілгендігінің айқын айғағы.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен бергі 37 жылдың ішінде біздің еліміз царизм тұсындағы артта қалған елден алдыңғы қатарлы қуатты социалистік державаға айналды. Біздің халқымыздың тарихи жеңістері дүние жүзін шын мәнісінде таңырқатты. Бұл—советтік құрылыстың аса зор артықшылықтарының нәтижесі.

Ұлы Ленин біздің Коммунистік партиямызды ұйымдастырып, оны революциялық шапқастарда шыңықтырып, коммунистік құрылыстың ұлы ісіне бастады. Ал партияның соңынан бүкіл халық ерді. Қазір дүниежүзілік ұлы держава болып табылатын Совет Одағының қуатын бүкіл дүниежүзі танып, империалистер мұнымен санасуға мәжбүр болып отыр. Совет халқы бұған Коммунистік партияның сыннан өткен басшылығы арқасында жетті. Бұл—Маркстің-Энгельстің-Лениннің-Сталиннің идеяларын жүзеге асыру нәтижесі. **(Ұзақ, ду қолшапалақтау).**

Табыстарымызға сүйене отырып, ауыр индустрияны бұдан былай да барынша өркендете отырып, біз Отанымыздың қуатын тынбастан нығайта береміз, халық шаруашылығын онан әрі өрге бастыру үшін, халықтың әл-ауқатын арттыру үшін күресе береміз. Коммунизм орнату жөніндегі бұл игілікті ұлы жұмыста құрылысшылардың көптеген армиясы зор роль атқарады.

Жолдастар! Ойдағыдай өткен біздің кеңесімізде көптеген дұрыс ұсыныстар енгізілді. Бұл ұсыныстардың бәрі де зор көңіл бөлетін аса бағалы ұсыныстар. Совет Одағының барлық облыстарындағы мыңдаған құрылысшылар бұл ұсыныстармен, қол жеткен жақсы тәжрибемен танысатын болады. Біздің құрылысшыларымыздың алдында тұрған міндеттерін жақсы түсінетінін, Совет мемлекетінің индустриялық қуатын тынбастан нығайтып отыру, елімізге сапасы жақсы тұрғын үйлер мен басқа құрылыстарды көбірек салып беру үшін өнеркәсіп орындарын салу жөніндегі жұмысты жақсартуға олардың шын жүрегімен ұмтылып отырғанын кеңес айқын көрсетті.

Егер біз кеңесте айтылған жақсы тәжрибенің бәрін қорытып, енгізілген ұсыныстарды жүзеге асыру, озат тәсілдер мен әдістерді өндіріске енгізу ісін шындап қолға алатын болсақ, егер біз кемшіліктерді жою үшін батыл күресетін болсақ, онда біз қаржылар мен материалдарды анағұрлым көп үнемдейміз, қаржының айналымын арттыруға жетеміз, құрылыстың қарқынын тездетіп, сапасын жақсартамыз.

Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің председателі Соколов жолдасқа, барлық министрліктердің әсересе құрылыс министрліктерінің министрлеріне

...келтірмін, ал құрылысшылардың мұндай мысалдарды тілегенінше келтірулеріне болады. Құрылысшыларға темірбетон үшін диаметрі 5,5 миллиметрлік сым керек болды. Ал мұндай сым жоқ. Оларға бір миллиметр жуанырақ —диаметрі 6,5 миллиметрлік сым алыңдар дейді. Айыр-

жет. Неге екені белгісіз, банк, жолдастар, сіздердің кейбіреулеріңізге ұнамайды. Банктің кейбіреулерге ұнамау себебі мынау болса керек: ол ақшаны санайтын мекеме, ал кейбіреулер ақшаны есепсіз ала бергісі келеді, бірақ олай болмайды. **(Қолшапалақтау).**

## Еңбек өнімділігі арттырылсын, маман құрылысшылар кадрлары жасалсын

Құрылыста еңбек өнімділігін онан әрі арттыру туралы мәселенің өте зор маңызы бар. Еңбек өнімділігін үнемі арттыруды қамтамасыз ету үшін ең алдымен құрылыстарда жұмысты дұрыс ұйымдастырып, жұмысшы күші мен механизмдерді жақсы пайдалану керек, шикізат пен материалдарды үнемдеп, маман құрылысшылардың тұрақты кадрларын жасау керек. Еңбек өнімділігін арттыру құрылысшылардың табысын да арттырып, олардың материалдық әл- ауқатын жақсартады.

Кеңесте шығып сөйлеген кейбір жолдастар құрылысшылардың жалақысын арттыру туралы мәселе қойды. Маған берілген хатта да осы туралы айтылған. Осыған байланысты кейбір түсініктер беру қажет. Жұртқа мәлім, біз жалақыны өсіруді әрқашан да еңбек өнімділігін арттырумен байланыстырып келдік. Еңбек өнімділігінің артуы жалақының өсуінен озық болуға тиіс. Тек осындай жағдайда ғана біздің қоғамның өндірісті ұлғайтуға және соның негізінде халықтың материалдық әл- ауқатын арттыруға қажетті социалистік қорлары үнемі болып отырады. Бұл бірден- бір дұрыс жол, өйткені біз еңбекшілердің әл- ауқатын тек бүкіл халық шаруашылығымызды өрге бастыру негізінде ғана арттыра аламыз. Біздің елімізде қолда бар товарлар мен айналымдағы және халық қолындағы ақшаның ара салмағы дұрыс сақталуға тиіс. Тек сонда ғана валюта баянды болып, ақшамыздың әрбір сомы орнықты және құнды болады. Тек сонда ғана нақты жалақы да үнемі өсе береді. Бұлай етпейінше, іс алға баспайды.

Демек, еңбекшілердің нақты жалақысын арттыру үшін еңбек өнімділігін ұдайы арттыруды, әрбір жұмысшының жұмыс өнімін арттыруды қамтамасыз ету қажет.

Бізде еңбек өнімділігін арттыру ісінің жайы қандай?

Партияның XIX съезінің директивалары бойынша бесінші бесжылдықта еңбек өнімділігін өнеркәсіпте, шамамен 50 процент және құрылыста —55 процент арттыру, соның өзінде нақты жалақыны кемінде 35 процент арттыру көзделген.

Төрт жылдың ішінде өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 33 процент, ал құрылыста —32 процент артты. Нақты жалақы бұл уақыттың ішінде 37 процент өсті, яғни бүкіл бесжылдыққа белгіленген дәрежеден қазірдің өзінде асып отыр. Демек, қазір біз жалақы қорын көп мөлшерде артық жұмсап отырмыз. Бұл мәліметтер өнеркәсіп пен құрылыста техниканы пайдалануда және еңбек ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер бар екенін көрсетеді. Көптеген ведомстволардың, кәсіпорындардың және құрылыс ұйымдарының басшылары, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарларды орындамай, жұмысшылар мен қызметшілер санын көбейту жолына түсіп, мұның өзі жалақы қорларының артық жұмсалуына әкеліп соқтыруда.

Құрылыста еңбек өнімділігін арттыру үшін, демек, жұмысшылардың табыстарын арттыру үшін де орасан зор резервтер бар екені жақсы мәлім. Бұл —құрылыс жұмыстарын механикаландыру, біздің құрылыстарымыз жабдықталған қуатты техниканы дұрыс пайдалану; бұл —құрылыстың индустриялық әдістеріне көшу, бұл —жұмысшылардың мамандығын арттыру, жаңашылдардың озат тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану және өндірістік тәртіпті нығайту.

Еңбек өнімділігін арттыру және жалақыны өсіру үшін қандай зор мүмкіндіктер бар екенін көптеген мысалдар айқын көрсетіп отыр. Бұл мысалдардың бірі мынадай. 1954 жылы Москвада салынған көптеген мектеп үйлерінің ішінен салыстыру үшін екі мектепті—Тоқмақ мүйісінде қабырғалары кірпіштен салынған мектепті және Кутузов слободасында ірі блоктерден салынған мектепті мысалға алайық. Мектеп салуға жұмсалатын еңбектің айырмасы қандай екенін байқап көріңіздер. Қабырғаға кірпіш қалауға, карниздер, арқалықтар, басқыштар және бөлмелер жасауға 7.360 адамдық күн жұмсалған, ал ірі блоктен салынған үйде дәл осындай жұмыстарға 1.780 адамдық күн, яғни кірпіштен салынған мектепке жұмсалған адамдық күннің небәрі 24 проценті ғана жұмсалған. Жұмысшының орташа табысы сол жұмыстарда, кірпіштен салынатын мектепте, бір адамдық күнге 268 сомнан келген, ал ірі блоктен салынған құрылыста—1.432 сом, яғни 5,3 есе артық болған. Қабырғалары кірпіштен салынған мектептегі барлық жұмыстарды есепке алғанда, әрбір адамдық күнге келетін табыс 142 сом болған, ал екінші мектепте—261 сом, яғни 1,8 есе артық болған. Мұнаралы крандарды пайдалану: бірінші мектептің құрылысында 314 машиналық смена жұмсалған, ал екінші мектепте—164 машиналық смена, яғни 52 процент қана жұмсалған. Міне, жолдастар, еңбек өнімділігін арттыратын және төлеу системасынан, бөлдеулік системі дейтіннен ауа жайыла бастады. Бұл істе кәсіподақтардың да ойдағыдай белсенділік көрсетпей отырғанын айту керек.

Шаруашылық және кәсіподақ ұйымдары құрылыстарда еңбек өнімділігін арттыруды және әрбір жұмысшыға жұмыс өнімін арттыруды ынталандыру үшін өздерінің материалдық мүмкіндіктерін неғұрлым дұрыс пайдалануға міндетті. Бұл біздің құрылысымызды бұрынғыдан да гөрі мықтап өрге бастыруды, нақты жалақыны арттыруды, құрылысшылардың тұрмыс дәрежесін, олардың материалдық және мәдени әл-ауқатын үнемі арттыра беруді қамтамасыз етеді.

Орта және жоғары дәрежелі мамандар даярламайынша, құрылысшылардың тұрақты маман кадрларын жасау проблемасын ойдағыдай шешуге болмайды. Мамандар даярлау үшін біздің қазір бұрынғы кездегіден анағұрлым қолайлы жағдайларымыз бар. Құрылысшы-жұмысшылардың барлық бұқарасының жалпы білім дәрежесі едәуір артты. Жұмысшылар арасынан тамаша ұйымдастырушылар кадрлары өсіп шығуда, құрылыстың индустриялық әдістерін меңгеріп отырған мамандар өсуде. Озат техникамен жабдықталған көптеген құрылыстар құрылысшы-мамандар даярлау жөніндегі жақсы мектеп бола алады және болуға тиіс.

рістен қол үзбей бітіретін адам істің жайын терең біледі, оның практикалық зор тәжрибесі бар. Ғылым мен өндіріс білімдерін алған, тәжрибеге жетілген көп инженерлер ақырғы зачетты тапсырғаннан кейін кәсіпорнын батыл басқара алады. **(Қолшапалақтау).** Тұрақты жоғары оқу орындарын бітіргендер, әдетте, жақсы білім алады, бірақ олардың өндірісті зерттеп білуіне, қажетті практикалық тәжрибе алуына белгілі уақыт керек.

Елімізде құрылыс ісін онан әрі жақсарту, құрылысты индустрияландыру міндеттері партия, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының алдына құрылысшылар кадрлары арасындағы бүкіл жұмысты түбірінен жақсарту талабын қойып отыр. Құрылысшылар еліміз үшін өмірлік маңызы бар зор істі атқаруда. Оларға қамқорлық жасап, көңіл бөлу—біздің борышымыз. Ал мұның мәнісі—құрылысшылардың өсіп отырған тілектеріне неғұрлым терең зер салып, барынша толық қанағаттандыру, олардың тұрғын үй-тұрмыс жағдайларын жақсарту, бұқаралық-саяси және мәдени-тәрбие жұмысын жақсы ұйымдастыру, жоспарларды толық және асыра орындау үшін, еңбек өнімділігін арттыру үшін құрылысшылар арасында социалистік жарысты кеңінен өрістету керек деген сөз.

## Жол және село құрылысы туралы бірнеше ескертпе

Жолдастар! Жол және село құрылысы туралы бірнеше ескертпе жасауға рұқсат етіңіздер. Бұл арада кең байтақ жерлері бар еліміз үшін жақсы жолдардың қаншалықты маңызды екені туралы айтып жатудың қажеті жоқ.

Біз цемент-бетон төселген жолдар салу жұмысын өрістетуіміз керек. Бұл—ең жақсы жолдар. **(Қолшапалақтау).** Асфальтталған жол—он жылға ғана жарайды, ал цемент-бетон төселген жол—жүз жылға жарайды. Біз цемент өнеркәсібін өркендетуге, сөйтіп, бетоннан жолдар салуға бағыт ұстауға тиіспіз. Жолды қымбатты, яғни жақсы сапалы, түпкілікті етіп салсаң—оны қай кезде салғаныңды ұмытып та кетесің! **(Қолшапалақтау).**

Колхоздарда, совхоздарда, машина-трактор станцияларында өндірістік құрылыстар мен тұрғын үйлер салу жөнінде, сонымен қатар астық қоймаларын салу жөнінде зор жұмыстар жүргізу қажет. Ал біз бұл істе де құрастырмалы темірбетонды және, мүмкін, блокты құрылыстар салу әдісін кеңінен қолдану жолына түсуге тиіспіз. Мысалы, МТС-те блокті, сондай-ақ каркасты құрылыс жүргізуге болады. Соның өзінде жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдалану керек. Блоктерді ракушкадан, ақ тасынан, кірпіштен, сабаннан жасауға болады. Жергілікті құралдар мен материалдардың бәрін құрылыс жұмысына жұмылдыру керек.

Амал қанша, жергілікті құрылыс материалдарын пайдалануда әлі де жеткіліксіз инициатива көрсетілуде. Село құрылыстары үшін жақсы материалдардың бірі қамыс болып табылады. Украинаның және басқа республикалардың бірқатар аудандарында ежелден бері қамыстан үйлер салынып келеді. Бұл тамаша материал: ол шірімейді, жылылықты жақсы сақтайды. Бірақ бұл материал әлі де нашар пайдаланылып отыр. Каркасты құрылыстың қабырғаларына, бөлмелерге және арқалықтарға керекті «Стромит» типті плиталарды ағаштың жоңқасынан, сабаннан, қамыстан жасау керек. Қамыстан және сабаннан будалар жасау керек.

Быйылғы жылы көктемде маған Астрахань облыстық партия комитетінің секретары Ганенко жолдас келіп, облысқа берілетін ағаш материалдарын арттыруды өтінді. Бұл облыста ағаштың жоқтығы мәлім. Ал сонымен қатар біздің бұдан да гөрі маңызды құрылыстарымызға ағаш керек екені де мәлім.

Мен сонда Ганенко жолдасқа былай дедім:

—Сіздің облыста тамаша қамыс өседі! Ол құрылыс материалы ғана емес, тіпті алтын!

—Рас, бізде қамыс бар.

—Ал қамыстан ең болмағанда қойға қора салуға болмас па екен? Шынында да, бұл мақсат үшін қамыстан жақсы материалды тіпті де таба алмайсың.

Ганенко жолдас бұған келісті. Сол әңгімеден бері көп уақыт өтті. бірақ бұл іс оншалықты ілгері басқан жоқ.

детуі қажет. Бұл жергілікті өнеркәсіп кірпіш өндіруді ғана емес, сонымен бірге цемент өндіруге де негізделетін болуға тиіс. Цемент заводтарын одақтық ұйымдардың да, республикалық ұйымдардың да салуы керек. Міне сонда елімізде цемент көп болады, оны село құрылысының мұқтаждарына да жұмсауға болады.

Біздің елімізде халық тұтынатын заттар өндірісін ұлғайту жөнінде зор жұмыс жүргізілуде. Көп адамдар халық тұтынатын товарлар қатарына етік, костюм, тон және үй ішінде тұтынылатын басқа да көптеген нәрселер сықты заттарды ғана жатқызып жүр. Ал тұрғын үйлер салуға керекті материалдар—халық тұтынатын заттар емес пе екен? Тұрғын үйлерге керекті құрылыс материалдары да халық тұтынатын ең қажетті заттар болып табылады.

Селолық аудандарда сату үшін цемент, шифер, черепица және басқа құрылыс материалдарын өндіруді барынша өркендету керек. Ауылшаруашылық мақсатына салынатын әртүрлі құрылыстардың және колхоздарда, поселкелерде, қала маңындағы аймақтарда салынатын шағын қабатты үйлердің құрастырмалы бөлшектері мен конструкцияларын жасауды кеңінен ұйымдастыру керек, сөйтіп бұларды еңбекшілерге сатып тұру керек. Мұның өзі мемлекетке де, халыққа да пайдалы.

Құрылыс материалдарын өндіруді арттырып және оларды селоға жеткізіп, біз соның нәтижесінде деревняларымыз бен поселкелерімізді қайта жаңартуды едәуір тездетеміз, оларды әсем, көрген адамды сүйсіндіретін, адамның тұрмысын көркейтетін деревнялар мен поселкелерге айналдырамыз. **(Қолшапалақтау).**

Ақырында, кинотеатрлар салу туралы айта кету керек. Бізде қалаларда, әсересе селоларда кинотеатрлар әлі де жеткіліксіз. Кинотеатрларды көбірек салып, картиналарды соның өзінде сапасы жақсы картиналарды көбірек шығару керек. Бұл—халықтың мәдениетін онан әрі өрлету үшін, совет адамдарын рухани жағынан өсіру үшін қажет болып отырған зор іс.

* * *

Жолдастар! Совет мемлекетінің қуаты жылма-жыл артып келеді. Еліміздің халық шаруашылығы жедел қарқынмен өркендеп, халықтың әл-ауқаты мен мәдениеті ұдайы артып келеді. Бұл—Коммунистік партияның лениндік дұрыс саясаты-

...барлық сөздерді зерттеп шығуды тапсыру қажет. Сонымен қатар осында сөйлей алмаған жолдастардың сөздерінің тезистерін сұрап алып, бұл сөздерді де еске алу керек. Кеңестің барлық материалдарын қорытқаннан кейін нақты ұсыныстар белгілеу керек. Бұл ұсыныстарды, мүмкін, үш топқа бөленген жөн: бірінші топта—еліміз бойынша тұтас алғанда жүзеге асыру қажет болатын ұсыныстар, екінші топта—одақтық министрліктер жүзеге асыра алатын және жүзеге асыруға тиісті ұсыныстар, үшінші топта—одақтас республикалар мен облыстарға қатысы бар ұсыныстар. Бұл ұсыныстарды жүзеге асыруға ойдағыдай бақылау қою керек.

Құрылыстың озат тәсілдер мен әдістерін қорытуға және таратуға ерекше назар аудару қажет. **(Қолшапалақтау).**

Жер-жерде жеке министрліктер бойынша да құрылысшылардың осындай кеңестерін өткізген жақсы болар еді. Бұл кеңестерде озат тәжрибені, әсресе индустриялық әдістерді енгізу жөніндегі тәжрибені қорытып, өз досыңның ауырсынатын сүйелін басып кетуден тайынбай, біздің барлық кемшіліктерімізді сынға алып, былайша айтқанда, «түрпімен талап шығу» керек. Мұның өзі орасан зор жаңа резервтер мен мүмкіндіктерді ашуға, оларды біздің жалпы ісіміздің мақсатына пайдалануға көмектеседі.

Жолдастар, сөзімді аяқтай келіп, құрылысшылар, архитекторлар, конструкторлар, құрылыс материалдары өнеркәсібінің, құрылыс және жол машиналарын жасау өнеркәсібінің, жобалау және ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметкерлері партия мен үкімет өздеріне жүктелген міндеттерді абройымен орындайды, құрылысымыздың дәрежесін, қарқынын және сапасын бұрынғыдан да жоғары көтереді, заводтарды, шахталарды, электр станцияларын және фабрикаларды тезірек іске қосады, тұрғын үйлерді, мектептерді және ауруханаларды арзан, жақсы сапалы және әсем салатын болады деп сенім білдіремін. Құрылысшылардың келесі кеңесінде кездескенге дейін. Сіздердің жаңа табыстарға жетулеріңізді тілеймін, жолдастар! **(Ұзақ, ду қолшапалақтау Бәрі, де орындарынан тұрды).**

Редактордың орынбасары
**Ғ. НҰРМОЛДИН.**

## Киноларда

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«МАКСИМ ГОРЬКИЙ»**

Сеанстар күндізгі сағат 12, 1-40, және 3-20-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«КЕЗДІК»**

Сеанстар сағат 10-30, 12-30, 2-30, [4-]30, 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор —1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат — 1-33, партия және [на]сихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады

УШ 00396

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ле[нин] көшесі 21-үй.